№20 (305).
23 шілде,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





ЕЛІМІЗ АГРАРЛЫҚ ӨНІМДЕР ТАСЫМАЛЫН ҰЛҒАЙТУҒА ӘЗІР

Шанхайда өткен Дүниежүзілік жасанды интеллект жөніндегі конференция аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Камбоджа Премьер-министрі Хун Манетпен кездесті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Камбоджамен берік достыққа және өзара құрметке негізделген серіктестікті жоғары бағалайтынын жеткізді. Қазақстан Президенті екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастыққа тың серпін беру үшін әлеует мол екенін атап өтті.

Президенттің пікірінше, тауар айналымын арттыратын перспективті бағыттар қатарына ауыл шаруашылығы, тоқыма өндірісі, туризм, құрылыс, тағам өнеркәсібі, көлік логистика салалары кіреді.

Атап айтқанда, еліміз бидай, тыңайтқыш және басқа да аграрлық өнімдер тасымалын ұлғайтуға әзір. Бұдан бөлек, БҰҰ электрондық үкіметті дамыту индексіндегі үздік 24 елдің сапына енетін Қазақстан озық технология саласындағы тәжірибесімен бөлісе алады.

Премьер-министр Хун Манет Камбоджаның Қазақстанмен қарым-қатынасты нығайтуға мүдделі екенін растады. Ол екі елдің үкіметтері мен іскер топтары арасындағы байланыстарды нығайтудың маңызына тоқталып, бірлескен жобаларға жанжақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Әңгімелесу барысында Президент пен Премьер-министр жаһандық және аймақтық құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСШК қызметіне қолдау көрсеткені үшін Камбоджа тарапына ризашылық білдірді. Сондай-ақ Премьер-министрге Астананың БҰҰ жанынан Халықаралық су ұйымын құру жөніндегі бастама көтергенін айтты.

Кездесу соңында Хун Манет Қазақстан Президентін өзіне қолайлы уақытта Камбоджаға сапармен келуге шақырды.

Akorda.kz

ҚҰРЫЛТАЙҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС: АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА ЕСІМДЕР...

Саяси науқан қарсаңында қоғам назарын аударған негізгі тақырыптардың бірі – Ұлттық құрылтайға ұсынылған кандидаттар құрамы мен оны іріктеу үдерісінің ашықтығы. Биылғы науқанда партиялар өз съездерін ашық өткізіп, кандидаттар тізімін алдын ала жариялап, қоғаммен ашық байланыс орнатуға басымдық бергені байқалады. Бұл үрдіс қоғам белсенділері тарапынан да оң бағаланып, саяси жүйедегі өзгерістердің жаңа кезеңі ретінде сипатталуда, деп жазады Abai.kz.



Қоғам белсендісі Сабит Рысбаевтың айтуынша, соңғы уақытта партиялардың жұмысында ашықтық айқын сезіледі. Оның сөзінше, бұрын Құрылтайға ұсынылатын азаматтардың тізімі жабық болып, жұртшылық оны барлық рәсім аяқталғаннан кейін ғана көретін. Ал биыл кандидаттар құрамы алдын ала жарияланып, жаңа есімдердің пайда болуы қоғамның назарын аударып отыр.

Осы пікірді қоғам белсендісі Гүлнәр Қасым да қолдайды. Оның айтуынша, әлеуметтік желілерде, әсіресе Instagram платформасында сайлауға қатысты ақпараттың айтарлықтай көбейгені байқалады. Бұрын бұл мәселеге аса мән бермегенін айтқан ол, биыл партиялардың съездері, кандидаттар тізімі және олардың сөйлеген сөздері ашық жарияланып жатқанын ерекше атап өтті. Оның пікірінше, мұндай жариялылық азаматтардың саяси үдерістерге қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Қоғам белсендісі Қалиакбар Үсемханұлы да қазіргі саяси науқанның ерекшелігі ретінде ашықтық пен жаңаруға назар аударды. Оның айтуынша, әлемдік спорт додалары аяқталғаннан кейін елдегі саяси додаға кезек келіп, партиялар өз кандидаттарын жариялаған соң қоғам оларды белсенді талқылай бастады. Ол саясаттағы бәсеке де спорттағы жарыс сияқты елдің дамуына қызмет етуі тиіс екенін айтып, ең бастысы – кімнің жеңетіні емес, халықтың тұрмысын жақсартатын нақты өзгерістердің жүзеге асуы екенін атап өтті.

Сонымен қатар Қалиакбар Үсемханұлы соңғы жылдары еліміздің саяси жүйесінде бірқатар маңызды реформалар жүзеге асып жатқанын, Парламент пен Ұлттық құрылтай жұмысының жаңа форматта дамып келе жатқанын айтты. Оның пікірінше, бұрынғы депутаттардың барлығы бірдей жаңа құрамға енбеуі, олардың шамамен 15 пайызы ғана ұсынылғаны жаңару үдерісінің көрінісі. Сондай-ақ ол әр партияның өз съезін ашық өткізіп, кандидаттар тізімін алдын ала жариялауы саяси ашықтық пен бәсекелестіктің жаңа кезеңге өткенін аңғартатынын жеткізді. Кандидаттар арасында саясатқа бұрын араласпаған жаңа есімдердің көп болуы қоғам қызығушылығын арттырып отырғанын, ал шетелдегі қандастардың да сайлау нәтижесінен оң өзгерістер күтетінін атап өтті.

Өз кезегінде қоғам белсендісі Ербол Мәндібек биылғы науқанда популистік ұстанымдағы тұлғаларға қарағанда кәсіби әрі тәжірибелі кандидаттарға басымдық берілгенін айтты. Оның пікірінше, кейбір партиялар танымал есімдерді көпшілік назарын аудару үшін ұсынғанымен, салмақты саяси институттар білікті әрі жауапкершілігі жоғары үміткерлерді таңдаған. Сондай-ақ ол жарияланған тізімдерде жаңа есімдердің, әсіресе жас әрі білімді мамандардың көп екенін атап өтіп, бұл Құрылтай құрамының сапалы жаңаруына негіз болады деген пікір білдірді.

Жалпы, қоғам белсенділерінің пікірлері биылғы саяси науқанның басты ерекшелігі ретінде ашықтықтың артуын, кандидаттар құрамының жаңаруын және азаматтардың саяси үдерістерге қызығушылығының күшейгенін көрсетеді. Сарапшылар мен қоғам өкілдері үшін ендігі негізгі мәселе – жарияланған реформалар мен кадрлық жаңарудың нақты нәтижеге ұласып, оның әсерін халықтың күнделікті өмірінен көру.

САТИРАНЫҢ СҰРМЕРГЕНІ ЕДІ



Сатираның сардары Көпен Әмірбек

Ғашықтық туралы хикаям:

Қиылған қасың,
Нешеде жасың?
Танысуға болар ма екен,
Бос болса басың? –

деп шұбатылып кете береді. Бұл хатты кім көрінгеннің қолына беруге болмайды. Айнаштың өзіне тікелей тапсыру қажет. Алдын-ала жасалған жоспар бойынша хатты әдебиет сабағы кезінде Айнаштың оқулығының арасына қыстырып салып жіберу керек болатын. Ғашықтық дерт бойымды өртеген мен сөйтуін сөйттім-ау, бірақ оны мұғалима Қатима байқап қалып, хатты қалтасына салып алды. Солақ екен басым бәлеге қалды. Тай түгілі бас қайғы болып, ғашықтығым жайына қалды. «Өзі комсомол мүшесі, өзі мектептің қабырға газетінің редакторы бола тұрып, қыздарға ғашықтық туралы хат жазады. Бұл не деген масқара!» – деп анаусы да, мынаусы да саусағымен нұқып, көзіме көк шыбын үймелетті дейсің. Ол аздай, ертең комсомол жиналысына салмақ. Бүйтіп тірідей күйік болғанша, тезірек көзімді құртайын деп, көрші ауылдағы Күлпаш әпкемнің үйіне қашып кетейін деп жатқанда, мұғалима Қатима мен онынша кластың зіңгіттей-зіңгіттей төрт оқушысы жетіп келіп, мені дірдектетіп мектеп директорының кабинетінен бір-ақ шығарды. Бір аңғарғаным: директор онша ашулы емес, жанында отырған бейтаныс жігіт те жайдары.

6-бетте »

КӨПЕН ЕКЕУМІЗ

Тоғызыншы класта оқып жүрген болатынмын. Жаңа оқу жылының басында Айнаш деген қыздың көрші ауылдан мен оқитын мектепке, оның ішінде 9 «Б» класына ауысып келмесі бар ма? Бекташ көкем айтатындай, нағыз бет біткеннің сұлуы. Кластағы ұл біткеннің бәрі әлгі қызға ғашық болып, қырылды да қалды. Мен де Айнашқа ғашық екенімді білдіріп, жата қалып өлеңдетіп хат жаздым.

АЛМАТЫҒА ЕКІ ЧЕМОДАНМЕН ЖЕТКЕН БОЙЖЕТКЕН 16 ЖЫЛҒА СОТТАЛЫП КЕТТІ

Алматыда Таиландтан ірі көлемде есірткі тасымалдамақ болған 22 жастағы Қазақстан азаматшасы 16 жылға сотталып кетті, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.

Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты оны аса ірі мөлшердегі есірткі заттарының контрабандасы және заңсыз айналымы үшін кінәлі деп тапты.

«Ақшалай сыйақы үшін Қазақстанға жалпы салмағы 8,8 келі каннабис сығындысы салынған екі чемоданды жеткізуге бойжеткеннің келіскені анықталды. Контрабанданың жолы ол Алматы әуежайына ұшып келген бойда бірден кесілді», – делінген Бас көлік прокуратурасының хабарламасында.



Прокуратура ескертеді: әлеуметтік желілерде тарайтын «оңай табыс» пен тегін саяхат туралы ұсыныстар жиі халықаралық есірткі схемаларының бір бөлігі болып табылады. Қылмыстағы рөліне қарамастан, оған қатысу қатаң қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Үкім заңды күшіне енді.

adilet-gazeti.kz

ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРАТЫН ӨНДІРІС КӨБЕЙІП, КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Түркістандағы «Turan» арнайы экономикалық аймағында «Qaz Natural Laminat» ЖШС-нің заманауи ламинат өндіретін зауыты іске қосылды. Салтанатты жиында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы әртараптандыру, өндеу өнеркәсібін дамыту және импортты алмастыру жөніндегі тапсырмасы аясында өңірде жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандырып, өндеу өнеркәсібін және импортты алмастыруды дамытуды тапсырған болатын. Осыған орай облыстың экспорттық және импорттық әлеуетіне кешенді талдау жүргіздік. Соңғы үш жылда өңірімізге 1,5 трлн. теңгенің импорттық тауары жеткізілді. Оның ішінде 2025 жылдың өзінде 880 млрд. теңгенің өнімі сырттан әкелінген. Жүргізілген талдау нәтижесінде 73 млрд. теңгенің импорттық тауарын өзімізде өндіруге мүмкіндік бар екенін анықтадық. Осы бағытта өткен жылы жалпы құны 176 млрд. теңгені құрайтын 31 инвестициялық жобаны іске қостық. Қазір импортты алмастыруға бағытталған жалпы құны 280 млрд. теңге болатын тағы 39 жоба жүзеге асырылуда. Бүгін іске қосылып отырған ламинат зауыты – осы жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі. Біз өңірде импортты алмастыратын өндірістерді көбейтіп, инвесторлар мен кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасауды, өндірістік инфрақұрылымды дамытуды алдағы уақытта да жалғастырамыз. Бұл жоба Түркістан облысының өнеркәсіптік және экспорттық әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосады, – деді облыс әкімі Нұралхан Көшеров.

Жобаның жалпы құны – 5 млрд. теңге. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы жылына 840 мың шаршы метр ламинат шығаруға жетеді. Жобаның алғашқы кезеңінде 65 тұрақты жұмыс орны ашылды. Өндірістің екінші кезеңі толық іске қосылғаннан кейін тұрақты жұмыспен қамтылатындар саны 150 адамға дейін артады.

Жаңа өндіріс орны еліміздің құрылыс материалдары нарығын отандық өніммен қамтамасыз етуге, импорт үлесін азайтуға және ішкі сұранысты өтеуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта кәсіпорын өнімдерін Орталық Азия елдері мен басқа да сыртқы нарықтарға экспорттау жоспарланып отыр.

Өз кезегінде «Qaz Natural Laminat» ЖШС директоры Луо Ионг жобаның жүзеге асуына қолдау көрсеткен Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Түркістан облысының әкімдігіне және барлық серіктестерге алғыс білдірді. Оның айтуынша, кәсіпорында халықаралық стандарттарға сай заманауи технологиялар қолданылып, жоғары сапалы өнім өндіріледі. Алдағы уақытта өндіріс көлемі кезең-кезеңімен ұлғайтылып, экспорт географиясы кеңейтіледі деп күтіліп отыр.

Түркістан облысында өндіріс орындарын ашу бағытындағы жұмыстар жалғасады.

ӨНІМНІҢ 50 ПАЙЫЗЫ СЫРТҚЫ НАРЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН

Түркістан облысына ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров арнайы жұмыс сапарымен келіп, облыс әкімі Нұралхан Көшеровпен бірге Сайрам ауданындағы бірқатар нысандардың жұмыс жүйесімен танысты. Оның ішінде Манкент елді мекенінде орналасқан «KAZ ECO MEAT» ЖШС ет комбинатының өндіріс алаңында болып, ғимараттың жұмыс сапасын зерделеді. Жауапты сала мамандарына жоба аясында сапалы жұмыс жүргізу, экспортты ұлғайту керектігін ескертті. Сонымен қатар министр мен облыс әкімі кәсіпорын ұжымымен және шаруалармен кездесіп, ет өндірісі, мал шаруашылығын дамыту, экспорт әлеуетін арттыру мәселелері бойынша пікір алмасты.

Кәсіпорында жылына 30-40 мың тонна ет өндіріледі. Құрылыс жұмыстары өткен жылы аяқталған. Нысан 460 гектар аумақта орналасқан. Мұнда жылқы, ірі қара және ұсақ мал еттері терең өңдеуден өткізіледі. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы бір ауысымда 500 бас ірі қара мен 600 бас ұсақ малды өңдеуге мүмкіндік береді. Кәсіпорын заманауи технологиялармен және жоғары техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұнда 70 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Қызметкерлердің орташа жалақысы 200 мың теңгені құрайды. Экспорт көлемі қарқынды дамып келеді. Өндірілген өнімнің 50 пайызы ішкі нарыққа жеткізілсе, қалған 50 пайызы сыртқы нарыққа бағытталған.

Айта кетейік, ел көлемінде Түркістан облысы мал шаруашылығы мен ет экспорты бойынша көш бастап келеді. Өңірде ет өндірісі дерлік дамыған. Облыста мал бордақылау алаңдары мен заманауи ет комбинаттарының саны артып, өндірістің толық циклі қалыптасып жатыр. Сонымен қатар өндіріс алаңдары заманауи технологиялармен жабдықталып, сапалық тұрғыда талаптарға сай жұмыс жүргізіп келеді.

ИМПОРТ ТӨМЕНДЕП, ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдің импортқа тәуелділігін төмендету, импортты алмастыруға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру және өңдеу өнеркәсібін дамыту мәселелері қаралды. Өңір басшысы өндірісті дамыту, экспортты арттыру маңызды екенін атап өтті.

– Біз әлі күнге дейін шикізаттық тәуелділіктен толық арыла алмай отырмыз. Сондықтан импортты алмастыру жұмыстарын жаңа деңгейге көтеру қажет. Шикізатты терең өңдеп, дайын өнім шығаратын өндірістерді көбейту – өңір экономикасының басты міндеттерінің бірі. Өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін әлемдік ірі инвесторларды тартып, қосылған құны жоғары өнім өндіруге басымдық берілуі тиіс. Импортты алмастыруға бағытталған барлық инвестициялық жобалар сапалы әрі белгіленген мерзімде жүзеге асырылып, тұрақты бақылауда болуы қажет, – деді Нұралхан Көшеров.

Мәжілісте облыстық кәсіпкерлік және сауда басқармасы мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшылары импортты алмастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларды таныстырды.

Өңірдің экспорттық әлеуеті тұрақты артып келе жатқаны айтылды. 2024 жылы Түркістан облысынан 1 млн 357 мың тонна өнім экспортталса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 1 млн 571 мың тоннаға жетіп, 16 пайызға өскен. Ал биылғы төрт айда 795,3 мың тонна өнім экспортталып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2 есеге артты. Оның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімдері – 576,6 мың тонна, мал шаруашылығы өнімдері – 20,5 мың тонна, қайта өңдеу өнеркәсібінің өнімдері – 198,1 мың тоннаны құрады. Сонымен қатар импорт көлемінің төмендеу үрдісі қалыптасқан. 2024 жылы өңірге 761 мың тонна өнім импортталса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 748 мың тоннаға дейін азайды. Биылғы төрт айда импорт көлемі 251 мың тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 255,5 мың тоннадан төмен болды.

Өңірде импортты алмастыру бағытында еден жабындары, алюминий өнімдері, жіп, скотч, тұрмыстық тоңазытқыштар мен алкогольсіз сусындар өндіретін кәсіпорындар



іске қосылған. Сонымен қатар мата, биологиялық белсенді қоспалар, алюкоцинк өнімдері, ауыл шаруашылығы техникасы мен қосалқы бөлшектерін шығаратын жаңа өндірістер жүзеге асырылып жатыр.

Жүргізілген талдау нәтижесінде республикадан шикізат күйінде экспортталатын мыс, алюминий, темір, полипропилен және өзге де өнімдерді Түркістан облысында терең өңдеуге мүмкіндік бары анықталды. Осыған сәйкес мыс құбырлары, радиаторлар, кабельдер, алюминий профильдері, құрылыс материалдары, металл конструкциялары, полипропиленнен жасалатын тұрмыстық бұйымдар және басқа да дайын өнімдер шығаратын 40 әлеуетті инвестициялық жоба әзірленіп, әрқайсысына инвестициялық паспорт дайындалған.

Сондай-ақ Сайрам индустриялық аймағында сыр, ірімшік және құрғақ сүт өндіретін зауыттар, Сауран ауданында көкөніс өңдеу және консервілеу, томат пастасын шығару өндірісі, Мақтаарал ауданында кілем өндірісі, ал «TURAN» арнайы экономикалық аймағында балалар тағамын өндіретін зауыт салу ұсынылды.

Мәжілісте азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және импортқа тәуелділікті төмендету бағытындағы жобалар да қаралды. Қазіргі таңда облыс халқы көкөніс, бақша, картоп, жүзім, сиыр, қой және жылқы еті, сондай-ақ сүт өнімдерімен толық қамтамасыз етілген. Дегенмен құс етімен қамтамасыз ету деңгейі – 21 пайыз, жұмыртқа – 47 пайыз, шұжық өнімдері – 50 пайызды құрайды.

Осы тапшылықты жою үшін жалпы құны 60 млрд. теңгені құрайтын төрт ірі жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде Түлкібас ауданында жылына 48 мың тонна құс етін өндіретін зауыт салынып жатыр. Ордабасы ауданында құс етін өндіру көлемі ұлғайтылып, Бәйдібек ауданында жұмыртқа өндіретін кешеннің құрылысы жүргізілуде. Сонымен бірге Отырар және Шардара аудандары мен Арыс қаласында жаңа өнеркәсіптік құс кешендерін іске асыру ұсынылды.

Бұдан бөлек, етті терең өңдеу бағытындағы үш ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Түлкібас және Төлеби аудандарында заманауи сүт-тауарлы фермалар салыну үстінде. Ал Сауран мен Бәйдібек аудандарында сүт өңдеу кәсіпорындарын іске қосу жоспарланған.

2026-2028 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешендегі ірі инвестициялық жобалардың жол картасы аясында жалпы құны 269 млрд. теңгені құрайтын 43 жобаны іске асыру жоспарланған. Нәтижесінде 2 115 жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл құны 96,3 млрд. теңгені құрайтын 19 инвестициялық жобаны іске асыру көзделсе, бүгінге дейін құны 17,4 млрд. теңгелік 5 жоба пайдалануға беріліп, 140 жаңа жұмыс орны ашылған.



Жиын қорытындысында облыс әкімі жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне импортты алмастыру жұмыстарын жүйелі жүргізуді, өңдеу өнеркәсібіне инвестиция тартуды, жаңа өндірістерді іске қосуды және барлық жобалардың уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

СҮТ ӨНІМДЕРІ ДЕ СЫРТҚЫ НАРЫҚҚА ШЫҚПАҚ

Түркістан қаласында сүт өнімдерін өндіру көлемі артып, жергілікті кәсіпорындар экспорттық әлеуетін күшейтіп келеді. Өңірде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өндірісті қолдау және сапалы өнім өндіру бағытында жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде кәсіпорындар ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, сыртқы нарыққа шығуға да бет бұрды.

Солардың бірі – «Milkart» сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорын. Түркиядан жеткізілген заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған өндіріс орны өз жұмысын 2024 жылы бастаған. Бүгінде мұнда тәулігіне ондаған тонна сүт өңделіп, табиғи шикізаттан 48 түрлі өнім өндіріледі. Оның қатарында сүт, айран, қаймақ, сүзбе, сарымай және басқа да сүт өнімдері бар.

Кәсіпорын қазіргі таңда Түркістан және Кентау қалаларының тұрғындарын сапалы өніммен қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар өнімдер Түркістан қаласындағы әлеуметтік дүкендерге, сауда желілеріндегі әлеуметтік бұрыштарға тұрақты жеткізіліп, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінде де қолжетімді бағамен ұсынылады.

Кәсіпорын өндіріс көлемін кезең-кезеңімен ұлғайтып, жаңа нарықтарды игеруді көздеп отыр. Жоспарға сәйкес, алдағы уақытта өндірістік қуат төрт есеге дейін арттырылып, жаңа технологиялар енгізіледі. Бұл өз кезегінде өнімді Өзбекстан, Қырғызстан секілді Орталық Азия елдеріне, сондай-ақ Қытай нарығына экспорттауға мүмкіндік береді. Экспорт көлемінің артуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына және өңірдің өндірістік әлеуетінің нығаюына оң әсер етеді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында кәсіпорын «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы жеңілдетілген несие алып, мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдаланып келеді. Осы бағдарламаның аясында кәсіпорын тұрғындарды әлеуметтік маңызы бар сүт өнімдерімен белгіленген бағамен тұрақты қамтамасыз етуде.

Бүгінде өндіріс орнында 13 жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған. Оның сегізі өндірістік цехта еңбек етсе, бес қызметкер дайын өнімді сауда орындарына жеткізу жұмыстарын атқарады.

Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау шаралары жергілікті кәсіпкерлерге өндірісті кеңейтіп, экспорттық бағытты дамытуға және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік беріп отыр. Соның нәтижесінде Түркістанда өндірілген табиғи сүт өнімдері алдағы уақытта халықаралық нарыққа шығып, «Қазақстанда жасалған» өнімнің танымал болуына өз үлесін қоспақ.

ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Алматы қаласындағы «Атакент» халықаралық көрме орталығында Қазақстандағы XXI Қытай тауарлары көрмесі өз жұмысын бастады.

Түркістан облысының делегациясы облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтің жетекшілігімен аталған халықаралық көрмеге қатысып, өңірдің инвестициялық және кәсіпкерлік әлеуетін таныстыруда. Делегация құрамында Ордабасы ауданының әкімі Азат Оралбаев, аудан әкімінің орынбасары және аудан кәсіпкерлері бар.

Көрменің ресми ашылу салтанатында сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков Түркістан облысының инвестициялық даму қарқынына тоқталып, өңірде инвесторларға ұсынылатын қолайлы жағдайлар мен мемлекеттік қолдау тетіктері туралы баяндады. Сонымен қатар шетелдік инвесторларды өндіріс орындарын ашуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Көрме аясында Ордабасы ауданының әкімі Азат Оралбаев қытайлық бірқатар ірі өндірістік компаниялардың басшыларымен екіжақты кездесулер өткізіп, инвестициялық ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Атап айтқанда, JIANGNAN CABLE, Zhejiang Xunfeng Industry and Trade, Jinhua Jinlong Home Products және Qinnastan Health Industries компанияларының өндірістік мүмкіндіктері таныстырылып, олардың Ордабасы ауданында өндіріс орындарын орналастыру перспективалары қарастырылды.

Келіссөздер барысында өндірістік кооперацияны дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, заманауи технологияларды енгізу және инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру мәселелері талқыланды. Тараптар өзара тиімді әріптестік орнатуға қызығушылық білдіріп, алдағы уақытта ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою жөнінде уағдаласты.

Халықаралық көрмеге қатысу Түркістан облысының инвестициялық тартымдылығын арттыруға, өңірге шетелдік капитал тартуға және жаңа өндірістік жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

adilet-gazeti.kz

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫН ӨЗІН-ӨЗІ ТОЛЫҚ ҚАМТИТЫН ӨҢІРГЕ АЙНАЛДЫРУҒА ТОЛЫҚ МҮМКІНДІК БАР

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен кезекті Инвестициялық штаб отырысы өтті. Жиында өңірде жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы талқыланып, 2026 жылы қолға алынатын жобалар мен шетелдік инвестиция тарту бағытындағы жұмыстар сараланды. Облыс әкімі жобаларды кешіктірген аудан, қала әкімдеріне сын-ескертпе айтып, жұмысты күшейтуді тапсырды.



– Мемлекет басшысының тапсырмасымен осы уақытқа дейін инвестиция тарту бағытында жұмыстар жүргізілді. Бірақ мұнымен тоқтамай, керісінше, жұмыс қарқынын арттыруымыз керек. Өкінішке қарай, кейбір аудан, қала әкімдіктерінде жұмыс өз деңгейінде емес. Әр басшының өзіндік жұмыс жоспары, бағдарламасы болады. Менің басты бағытым – өндіріс орындарын ашу, жұмыс орындарын көбейту, терең өңдеу саласын дамыту және облысымызды дотациялық аймақтар қатарынан шығару. Әрине, бұл бір күнде, бес жылда шешілетін нәрсе емес. Бірақ жүйелі жұмысты жалғастыру қажет. Мысалы 2023 жылы облыстың өзіндік пайызы 10 пайыздан асатын болса, қазіргі таңда 20 пайызға жетіп отыр. 10 жылда Түркістан облысын өзін-өзі толық қамтитын өңірге айналдыруға толық мүмкіндігіміз бар. Біз облыс экономикасын көтеру үшін терең өңдеуге басымдық беруіміз керек. Әр ауданның мүмкіндігі сараланып, сараптама нәтижелері сіздерге жіберілді. Сол бағытта нақты жоспар жасап, бір ай көлемінде ұсыныңыздар. Өндірістік парктерді дамытып, жаңа кәсіпорын ашу бағытындағы жұмысты күшейтіңіздер. Халыққа керегі де – осы, – деген Нұралхан Көшеров аталған бағытта жұмысты жоғары деңгейде атқара алмаған аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларына тиісті шара көрілетінін жеткізді.

Мәжілісте Сайрам ауданында жүзеге асырылып жатқан «Қайып ата» компаниялар тобының инвестициялық жобалары қаралды. Атап айтқанда, етті терең өңдеу комбинаты, түйіршіктелген құрама жем өндіретін зауыт, сүрлемдер мен астық қоймалары, ауыл шаруашылығы жабдықтарын өндіретін өндіріс, мал биржасы, сондай-ақ Арыс қаласында 35 мың басқа арналған бордақылау кешені және жаңбырлатып суару технологиясы арқылы мал азығын өсіру жобаларының орындалу барысы баяндалды.

Сонымен қатар Түлкібас ауданында салынып жатқан «Майлыкент Ферм» тауарлы сүт фермасының, Жетісай ауданындағы «Агросут» сүт өңдеу зауытының, Қазығұрт ауданындағы «Қарқын-2030» серіктестігінің 5 мың басқа арналған бордақылау алаңының және «Түлкібас құс фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тік интеграцияланған бройлер құс фабрикасы құрылысының қазіргі жағдайы талқыланды. Сонымен бірге Мақтаарал және Келес аудандарының әкімдері 2026 жылы іске асырылатын инвестициялық жобалар мен шетелдік капиталдың қатысуымен инвестиция тарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы есеп берді.

Жиын қорытындысында облыс әкімі жауапты басқармалар мен аудан әкімдеріне инвестициялық жобаларды белгіленген мерзімде іске асыруды, инвесторлармен тұрақты кері байланысты қамтамасыз етуді және өндірістерді іске қосу арқылы тұрақты жұмыс орындарын көбейтуді тапсырды. Өңірде өндірістік парктерді дамыту, ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеуге бағытталған жобаларды қолдау жұмыстары жалғасады.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ІШКІ НАРЫҚТЫ ЖЫЛ БОЙЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЕК

Сауран ауданына қарасты Жаңа Иқан ауылдық округінде бүгінде еңбектің шынайы дүрмегі басталып кетті. Күздің алтын шуағымен аялана піскен, бұтағын ие алмай иілген қарқынды алма бағының өнімдерін жинау науқаны қызып тұр. Бұл — жай ғана бау-бақша емес, адам баласының қажырлы еңбегі мен табиғатананың жомарттығы тоғысқан үлкен шаруашылық.

Жалпы аумағы көз ұшына дейін созылып жатқан 70 гектар алқапты құрайды. Мұндағы егіс мәдениеті мен тәртібі таңдай қақтырарлық: әр гектарға 2 мың түптен алма ағашы сымдай тартылып, тізіле отырғызылған. Бұл ағаштардың әрқайсысы — ертеңгі ел несібесі. Осыншама ауқымды алқапты шөлдетпей, баптап ұстаудың сыры — заманауи технологияда жатыр. Бау-бақша толықтай тамшылатып суару жүйесімен қамтылған. Бұл әдіс құтты Сауран топырағының әр тамшы суын есептеп, тиімді пайдалануға, ағаштардың тамырына нәр беріп, мәуесінің ерте әрі сапалы жетілуіне жол ашқан. Технологияның игілігі өз жемісін беріп, биыл әр түп ағаштан орта есеппен 20 келіге дейін өнім жиналады деген үміт бар.

Қазіргі таңда диқандардың қажырлы қимылымен 30 гектар алқаптың өнімі толықтай жиналып, қамбаға бағытталды. Ендігі кезекте қалған 40 гектар алқаптың береке-қорасын жинап алу, алманың үзілмей, жерге түсіп ысырап болмауын қадағалау жұмыстары қарқынды жүруде. Алманың қызыл-жасыл түсі көздің жауын алып, айналаға хош иіс таратады.

Диқандар тек бүгінгі күннің өнімін жинаумен ғана шектелмей, ертеңгі күннің де қамын ерте бастан ойластырып қойған. Шаруашылық аумағында алма мен өзге де тәтті жеміс-жидектерді ұзақ мерзімге сыр бермей сақтауға арналған заманауи қойманың құрылысы қызу жүріп жатыр. Бұл нысан — болашақта өнімнің бабы мен сапасын титтей де жоғалтпай, күздегі қалпында сақтауға мүмкіндік береді. Осылайша, Сауранның сырлы бағынан шыққан отандық өнім ішкі нарықты жыл бойы сапалы, дәруменге толы жеміспен қамтамасыз ететін болады. Бұл — елдің ырысы мен экономикасының нығаюына қосылған үлкен үлес.

ЖЫЛЫНА 10 МЛН. ДАНА ӨНІМ ШЫҒАРУ ЖОСПАРДА

Түркістан облысында өндіріс орындарын ашу және терең өңдеу саласын дамыту бағытындағы жұмыстар қарқын алды. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров Жетісай ауданына жұмыс сапары барысында өндірістік аймақта салынып жатқан пластик қалдықтарын қайта өңдеу және пластик ыдыстарын өндіру зауытының құрылысымен танысты.

«KAZ INVA» ЖШС жүзеге асырып жатқан жобаның құны – 2 млрд. теңге. Құрылыс-монтаж жұмыстары биылғы желтоқсанда аяқталады деп жоспарланған. Өңір басшысы аудан әкімі мен сала жетекшілеріне жобаны сапалы әрі уақтылы жүзеге асыруды тапсырды.

– Өңір үшін жаңа өндіріс орындарын ашу, терең өңдеуді дамыту және импортқа тәуелділікті азайту – басты басымдықтардың бірі. Мұндай жобалар экологияны жақсартып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын құрып, өңір экономикасының дамуына серпін береді, – деді Нұралхан Көшеров.

Жаңа зауытта пластик қалдықтары қайта өңделіп, ауыл шаруашылығы мен өндіріс саласына қажетті пластик өнімдері шығарылады. 70 адам жұмыспен қамтылып, жылына 10 млн дана өнім шығару жоспарланған. Бұл өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттырып, отандық шикізатты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жетісайдағы 59 гектарлық индустриялық аймақта жалпы құны 30,3 млрд. теңгені құрайтын 5 зауыт салу қолға алынған. Оның екеуі іске қосылған, үшеуінің құрылысы жалғасуда. Барлық жобалар толық іске асқанда мыңға жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

Сонымен қатар өндірістік парк аумағында жиһаз, ауыл шаруашылығы техникасының қосалқы бөлшектері, құрама жем, темір бұйымдары және химиялық жуғыш заттар өндіретін 5 жоба жүзеге асырылуда. Бұдан бөлек, құны 3,5 млрд. теңгені құрайтын «MIR AGRO KZ» ЖШС-нің заманауи жылыжай кешені мен қоймасының құрылысы жүргізіліп жатыр.

Айта кетейік, Түркістан облысында инвесторларға қолайлы жағдай жасалып, дайын инфрақұрылым ұсынылуда. Өңірде «Turan» арнайы экономикалық аймағы мен 21 индустриялық аймақ жұмыс істейді. Сонымен қатар барлық аудан мен қалада шағын өнеркәсіптік парктер салынып, өндірісті дамытуға жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді.

АСТЫҚ ОРУ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Қазығұрт ауданына жұмыс сапары барысында Қ.Әбдәлиев ауылдық округіндегі «Үшбастау» өндірістік кооперативінің егін орағы науқанымен танысты. Мұнда бидай пісіп, биыл елімізде алғаш болып қамбаға түсіп жатыр.

Өңір басшысы астық жинау жұмыстарының ұйымдастырылуын көріп, шаруашылықта енгізілген заманауи агротехнологиялар мен өндірістік әлеуетпен танысты. Қазығұртта өндірілген өнімдер көрмесін тамашалады. Аудан кәсіпкерлері мен диқандармен пікір алмасты.

– Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын әртараптандыруды, терең өңдеуге басымдық беруді тапсырды. Біз осы бағытта жұмысты күшейтіп жатырмыз. Мемлекеттік қолдауларды тиісді пайдаланып, жаңа технологияларды батыл енгізу керек. Ізденіс, еңбек, өзгеріс қажет. Бұл ретте ауыл шаруашылығы мамандарына сенім артылады. Жұмыстарыңызға табыс, еңбектеріңізге береке тілеймін, – деді Нұралхан Көшеров.

«Үшбастау» өндірістік кооперативі 2002 жылдан бері егін шаруашылығымен айналысады. Биыл шаруашылық 700 гектарға бидай, 110 гектарға арпа, 150 гектарға мақсары және 60 гектарға жоңышқа еккен.

Кооператив соңғы жылдары су үнемдейтін нөлдік технологияны жүйелі түрде қолданып келеді. Бұл тәсіл биыл 600 гектар бидай алқабына енгізілді. Технология топырақ құнарын сақтап, ылғалды тиімді пайдалануға және өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Шаруашылықта 2500 тонна астық сақтайтын қойма, заманауи ауыл шаруашылығы техникалары мен астық жинайтын комбайндар бар. Мұнда 12 адам тұрақты, 20 адам маусымдық жұмыспен қамтылған.

Жұмыс сапары барысында облыс әкіміне Қазығұрт ауданының ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі көрсеткіштері, инвестициялық жобалары мен алдағы жоспарлары таныстырылды.

Айта кетейік, Түркістан облысында егін орағы науқаны қарқынды жүріп жатыр. Соңғы сегіз жылда өңірдің ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2,2 есеге артып, 551,1 млрд. теңгеден 1,2 трлн. теңгеге жетті. Агроөнеркәсіп кешеніне 1 трлн. теңгеге жуық инвестиция тартылып, биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 919,4 мың гектарға жетті. Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі бойынша Түркістан облысы республикада көш бастап келеді.

ӨЗ КӘСІБІН БАСТАҒАНДАРДЫҢ 279 ЖОБАСЫ ІСКЕ АСТЫ

Түркістан облысында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықтың әл-ауқатын арттыру және ауыл кәсіпкерлігін дамыту мақсатында «Ауыл аманаты» бағдарламасы тұрақты жүзеге асырылып келеді. Аталған жоба аясында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлары облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде талқыланды.

Жалпы 2023-2025 жылдары «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру мақсатында республикалық бюджеттен 30,2 млрд. теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде 2023 жылы 19,8 млрд. теңге, 2024 жылы 3 млрд. теңге және 2025 жылы 7,4 млрд. теңге толық игеріліп, 6 бағыт бойынша 4 223 жоба несиелендірілген. Атап айтқанда, өсімдік шаруашылығы саласында – 597 жоба, мал шаруашылығында – 3155 жоба, құс шаруашылығы бағытында – 22 жоба, балық шаруашылығында – 53 жоба жүзеге асырылды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативтерін қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша – 150 жоба, тұрғындардың өз кәсібін ашуына бағытталған – 279 жоба іске асырылды.

Жиында өңір басшысы жобаларды іске асыру барысында нақты нәтижеге басымдық беру қажеттігін атап өтіп, жауапты сала мамандарына бірқатар тапсырма жүктеді.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жұмыс орындарын көбейтетін, экономиканы дамытуға нақты серпін беретін жобаларды іріктеп, соларды қолдауды жалғастыру керек. Екіншіден, ауыл шаруашылығы ғана емес, кәсіпкерлік, өндірісті дамытатын жобаларды енгізіп, қолдау көрсетіңіздер, – деді Нұралхан Көшеров.

Мәжілісте Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Әлібек Плалов жоба аясындағы оң өзгерістерді атап өтіп, алдағы атқарылатын жұмыстар жайын баяндады. Оның айтуынша, облыс көлемінде жалпы саны 593 жылыжай кешені салынды. Шағын кәсіпкерлік 4223 бірлікке еселеніп, 4635 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар 79 қайта өңдеу кәсіпорны өз жұмысын бастады. Оған қоса мал басы 76 887-ге ұлғайды. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 441 адамға азайды.

Айта кетейік, биыл «Ауыл аманаты» жобасына республикалық бюджеттен 15,3 млрд. теңге қаржы қаралған. Бұл тұста 1115 жобаны қаржыландыру және 1 400 жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Бүгінде несие келісімі бойынша 7 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде 2,5 млрд. теңге басым бағыттар бойынша қаржыландырылады, сондай-ақ, 73 ауылдық округ пен 78 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылмақ.

Жалпы өңір экономикасын дамыту мақсатында бірқатар ауданда «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауқымды жобалар іске асырылып жатыр. Атап айтқанда, Шардара ауданында жылына 1,5 мың тонна балық жемін өндіретін кооператив құру жоспарланған. Ал Сауран ауданында жылдық қуаттылығы 2 мың тонна болатын макарон өнімдерін шығаратын кәсіпорын ашу көзделген. Сонымен қатар Төлеби ауданында жылына 360 тонна шұжық өнімдерін өндіретін қайта өңдеу кәсіпорнын іске қосу көзделсе, Келес ауданында тәулігіне 1,5 мың дана шұлық шығаратын өндірістік цех ашу жоспарланып отыр.

ЖАҢА БИЗНЕС-ИДЕЯ ЖОБАЛАРЫ ҚАРАЛЫП ЖАТЫР

Түркістан облысында жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік қайтарымсыз гранттың I легі бойынша комиссия отырыстары басталды. Комиссия жұмысына облыс бойынша 1542 азаматтың өтінімі қабылданған. Оның ішінде 236 мүгедектігі бар азамат және пробация есебіндегі 5 азамат бар.

Биыл мемлекеттік қайтарымсыз грант беру тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Жаңа талаптарға сәйкес, бұрын мемлекеттік грант немесе микрокредит алғандар, қызметін уақытша тоқтатқан дара кәсіпкерлер, мерзімі өткен берешегі бар азаматтар, еңбек шарты бар тұлғалар және талаптарға сәйкес келмейтін өзге де үміткерлер грант ала алмайды.

Комиссия шешімі шыққаннан кейін Еңбек мобильділігі орталығы грант иегерлерімен шарт жасасып, қаражатты қолма-қол ақшасыз аударады. Грант алушылар екі жыл бойы тоқсан сайын бизнес-жоспардың орындалуы жөнінде есеп беріп, 18 ай ішінде кемінде бір тұрақты жұмыс орнын ашып, Мансап орталығының жолдамасымен жұмыс іздеушіні еңбекке орналастыруы тиіс.

Комиссия отырыстары әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда тікелей эфирде көрсетілуде.

adilet-gazeti.kz

ЖАСТАРДЫ ӨҢІРДЕГІ ЗАУЫТТАРҒА АПАРЫП, ЕҢБЕККЕ ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Түркістан облысында жыл басынан бері мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мақсатында 4536 іс-шара ұйымдастырылып, оған 434 мыңнан астам жас қамтылды. Бұдан бөлек, өңірде жыл басынан бері 15-34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 1,9%-ды құрап, өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеген. Өңірдегі жастар саясатын іске асыру мәселелері облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен апталық мәжілісте талқыланды.



Өңір басшысы жастарды тұрақты жұмыспен қамту мәселесіне ерекше назар аударуды тапсырды.

– Облыстың жастар саясатын дамыту бағытындағы жұмыстарға талдау жүргізіп, жаңа қадамдық іс-шаралар жоспарын әзірлеуді қолға алыңыздар. Одан өзге жастар арасындағы қылмыстың алдын алу және оның деңгейін төмендету, жұмыспен қамту, көшбасшы жастарды даярлау бағытындағы жұмыстарға баса назар аудара отырыңыздар. Бұдан бөлек, жастар арасында цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту, ғылыми-техникалық мамандықтардың маңыздылығын кеңінен насихаттау бағытындағы жұмыстарды күшейту қажет, – деген Нұралхан Көшеров салаға жауапты мамандарға бірқатар тапсырма жүктеді.

Мәжілісте облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Болат Жанәбіл осы салада атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Оның мәліметінше, жастар арасында бірқатар өзекті мәселер анықталып, бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр.

«Отбасын қолдау орталықтары» арқылы жастар мен жас отбасыларға отбасын жоспарлау, дәстүрлі отбасы құндылықтарын дәріптеу және отбасы жауапкершілігін нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, Түркістан және Кентау қалаларында, сондай-ақ Төлеби ауданында «Жастар денсаулық орталықтары» жұмыс істейді. Жыл басынан бері аудан-қалаларда «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында тұрақты профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде интернет-алаяқтықтың, сыбайлас жемқорлықтың және нашақорлықтың алдын алу мақсатында 590 нысанда аудиоджингл-дер қосылып, 650 ақпараттық плакат орналастырылды. Сондай-ақ «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында өткен оқу жылында 7 мыңнан астам профилактикалық кездесу өткізіліп, оған 450 мыңнан астам оқушы қатысты.

Жиында облыстық қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Ернар Бектаев атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады.

Түркістан облысында жалпы саны 18 жастар ресурстық орталығы мен 149 волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Өңірде 27 713 жас волонтер тіркелген. Сондай-ақ жастарға арналған 1540 үйірме жұмыс істейді. Жастардың кәсіби бағдарын зерделеу мақсатында биыл Республикалық «Жастар» ғылыми-зерттеу институтының мамандары аудан, қалаларда NEET санатындағы жастармен кездесулер өткізіп, оған 1700 жас қатысты. Нәтижесінде жұмыспен қамту және кәсіби бағдар беру бағытындағы ұсыныстар әзірленді. Жыл басында «Отбасының цифрлық картасы» жүйесінде 12 023 NEET санатындағы жас тіркелсе, атқарылған жұмыстардың нәтижесінде олардың саны 8 332-ге дейін азайды. Мансап орталықтары арқылы 1567 жас жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар жұмыссыз және NEET санатындағы жастарға облыстағы 16 өндірістік кәсіпорынға экскурсия ұйымдастырылып, оған 1685 жас қатысты. Алдағы уақытта NEET санатындағы жастарды кәсіби бағдарлау, бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне тарту, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, сондай-ақ «Бастау Бизнес» жобасы мен Skills Enbek платформасы арқылы кәсіптік оқытуды жалғастыру жоспарланған.

Кәсіпкерлікті дамыту және мемлекеттік қолдау тетіктерін түсіндіру бағытында биыл 44 967 жасқа кеңес беріліп, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде «Бастау Бизнес» жобасы аясында 1140 жас грантқа ие болды. Жастарды әскерге тарту бағытындағы жұмыстар да тұрақты жүргізілуде. Көктемгі әскерге шақыру науқанында 2470 жас Отан алдындағы борышын өтеуге аттанды. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы мен «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында Түркістан облысында жастардың экологиялық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін және еріктілік қызметін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өңірде 415 сенбілік ұйымдастырылып, оған 98 мыңнан аса жас қатысты.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРССЫЗ ОРНАЛАСА АЛАДЫ

2026 жылғы 19 мамырда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Аталған Заң 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Жаңа Заңның 28-бабының 6-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуын тәмамдағанына бір жылдан аспаған, оқу үлгерімі уәкілетті орган белгілеген деңгейден төмен емес (GPA - 3,33 және одан жоғары) азаматтар мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурс өткізілместен орналасу мүмкіндігіне ие болды.

Заңдағы маңызды өзгерістердің бірі - бұл мүмкіндік енді тек мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алған түлектерге ғана емес, ақылы негізде білім алған, оқу үлгерімі жоғары түлектерге де беріліп отыр.

Аталған норма дарынды әрі білімді жастарды мемлекеттік қызметке тартуға, олардың кәсіби әлеуетін тиімді пайдалануға және мемлекеттік аппараттың сапалы кадрлық құрамын қалыптастыруға бағытталған.

ТЕГІН БІЛІМ АЛУ МҮМКІНДІГІ БАР

Шығыс Қазақстанның жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі — Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (EKTU) 2026-2027 оқу жылына арналған «Серпін» әлеуметтік жобасы шеңберінде 86 мемлекеттік білім беру грантын бөліп отыр.

Бұл бағдарлама — жастарға еліміздің қарқынды дамып келе жатқан өндірістік өңірінде заманауи дағдыларды меңгеріп, инженерия мен өнеркәсіп саласының сұранысқа ие маманы атанғанға таптырмас мүмкіндік.

Биылғы оқу жылында талапкерлер келесі техникалық бағыттар бойынша тегін білім алу мүмкіндігіне ие:

Инженерия және көлік: Көлік техникасы мен технологиялары, көлік құрылысы.

Өндіріс мен өңдеу: Механика және металл өңдеу, тау-кен ісі мен пайдалы қазбаларды өндіру.

Құрылыс мен жобалау: Сәулет, қала құрылысы, құрылыс жұмыстары мен азаматтық құрылыс.

Сапа мен ресурстар: Стандарттау, сертификаттау және метрология, сондай-ақ су ресурстары мен суды пайдалану.

Маңызды ақпарат: «Серпін» бағдарламасы бойынша конкурсқа қатысу үшін ҰБТ-дан жинау қажет шекті балл — 50.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ — еліміздегі техникалық білім берудің көшбасшыларының бірі. Университет қабырғасында білім алу студенттерге өндірістік базаларда тәжірибеден өтіп, болашақта еңбек нарығында жоғары бәсекеге қабілетті кәсіби маман болуға жол ашады.

Сұрақтар бойынша университеттің қабылдау комиссиясына хабарласуға болады:

Байланыс телефондары: +7 747 637 75 36, +7 707 285 50 12.

ЖАСТАРДЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Woosong Kazakhstan университетінің талапкерлеріне арналған ақпараттық-түсіндіру кездесуі өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, заң талаптарын түсіндіру, қоғамдық тәртіпті сақтау мәдениетін қалыптастыру және құқықтық жауапкершілікті насихаттау.

Кездесу барысында талапкерлерге құқықтық жауапкершілік, қоғамдық ортадағы тәртіп нормалары және заң талаптарын сақтаудың маңыздылығы туралы жан-жақты ақпарат берілді. Сонымен қатар, Woosong Kazakhstan университетіндегі оқу үдерісінің толықтай ағылшын тілінде жүргізілетіні, халықаралық білім беру мүмкіндіктері мен талапкерлерге ұсынылатын академиялық бағдарламалар таныстырылды.

Іс-шара аясында қатысушыларға арнайы ақпараттық үнпарақтар таратылып, олардың пікірлері мен ұсыныстары тыңдалды. Сондай-ақ, Жастар ресурстық орталығының мамандары жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар, білім беру және кәсіби даму мүмкіндіктері бойынша кеңес беріп, жан-жақты бағыт-бағдар ұсынды.

«ASYL MURA» БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Түркістан қаласында «Asyl MURA» волонтерлік әлеуметтік жобалар байқауының екінші кезеңі өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған волонтерлік бастамаларды қолдау және дамыту, сондай-ақ қайырымдылық, патриотизм, экологиялық мәдениет пен әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын дәріптеу арқылы белсенді әрі жанашыр жастардың қатарын қалыптастыру.

Байқаудың екінші кезеңіне облыстың аудан-қалаларынан 22 команда қатысты. Қатысушылар Hackathon форматында әзірленген әлеуметтік жобаларын пысықтап, сарапшылардың ұсынымдары негізінде жетілдіру жұмыстарын жүргізді. Командалар өз жобаларының мақсат-міндеттерін нақтылап, іске асыру тетіктерін, әлеуметтік әсері мен тұрақтылығын жан-жақты талдады.

Әділқазылар алқасының құрамында «Әділет» партиясы жанындағы Жастар қанаты Түркістан облыстық филиалының төрағасы Мадияруly Еркебұлан, Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасының Адами капиталды дамыту бөлімінің басшысы Әзірет Ыдырыс және Түркістан облысы «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысының орынбасары Дінислам Бимаханбетов болды. Сарапшылар қатысушылардың жобаларын әлеуметтік маңыздылығы, жаңашылдығы, іске асыру мүмкіндігі және тұрақтылығы бойынша бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша үздік жобалар анықталып, жеңімпаздар марапатталды.

I орын – Созақ ауданының «Union Tur» командасы;

II орын– Төлеби ауданының «Tolebi Daryn»командасы;

III орын – Түркістан қаласының «Мұра сақшылары» командасы.

Жеңімпаз командалар арнайы алғыс хаттармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

«Asyl MURA» волонтерлік әлеуметтік жобалар байқауы жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға, волонтерлік мәдениетті дамытуға және өңірдегі өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған тың бастамаларды қолдауға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналды.

БАЛ АРАЛАРЫН ҚҰТҚАРАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОБА!

Бал аралары – табиғаттың ең маңызды тозаңдандырғыштарының бірі. Алайда соңғы жылдары олардың саны қауіпті деңгейде азайып келеді. Бұған негізгі себептердің бірі – Varroa destructor паразиті. Егер бұл мәселе шешілмесе, ауыл шаруашылығы мен экожүйеге үлкен қауіп төнуі мүмкін.

Осы өзекті мәселеге «Asyl MURA» байқауының қатысушылары инновациялық шешім ұсынды. «Safe Hive» жобасы – химиялық препараттарды қолданбай-ақ, вибрация, электр өрісі және смарт-бақылау жүйесі арқылы араларды паразиттерден қорғауға арналған автоматтандырылған омарта жүйесі. Жоба күн энергиясымен жұмыс істейді, температура мен ылғалдылықты бақылайды және қашықтан басқаруға мүмкіндік береді.

Бұл бастама аралардың санын сақтауға, бал өндірісінің сапасын арттыруға, омарташылардың жұмысын жеңілдетуге және еліміздің экологиялық әрі экономикалық дамуына үлес қосуды көздейді.

Осындай тың идеялар «Asyl MURA» байқауында дүниеге келіп, жастардың ғылым мен инновация арқылы қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге дайын екенін дәлелдеп келеді.

«КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ЕРІКТІЛІК»

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Түркістан қаласында «Конституция және еріктілік» атты волонтерлік форумы өтті.

Форумның негізгі мақсаты – жастар арасында Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын кеңінен насихаттау, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті арттыру және еріктілік қызметтің қоғамдағы рөлін дәріптеу.

Іс-шараға белсенді жастар мен еріктілер қатысты. Форум барысында Конституцияның қоғамдағы орны, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, еріктілік қызметтің әлеуметтік маңызы және жастардың қоғамдық бастамаларға қатысуы жөнінде мазмұнды баяндамалар мен пікір алмасулар өтті.

Қатысушылар волонтерлік қызметті дамыту, жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру және қоғамдық мәселелерді бірлесіп шешу бағытындағы ұсыныстарын ортаға салып, өзара тәжірибе алмасты.

Іс-шара қорытындысында Конституция қағидаттарын құрметтеу, азаматтық жауапкершілікті нығайту және еріктілік мәдениетін дамыту бағытындағы бастамалардың маңыздылығы атап өтілді.

«ЕРКІНДІК ӘЛЕМІ»

Түркістан облысында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында айқындалған адам құқықтары мен бостандықтарын, заң үстемдігін және қоғамдық келісім құндылықтарын насихаттау мақсатында психологтар арасында тәжірибе алмасуға бағытталған «ЕРКІНДІК ӘЛЕМІ» атты облыстық семинар-тренинг ұйымдастырылды.

Іс-шара Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында бекітілген демократиялық қағидаттарды, құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті дәріптеуге бағытталды. 1 шілдеден бастап жалпыхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қолданысқа енуі – заң үстемдігін нығайтып, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадам.

Семинар-тренингті Түлкібас аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастырып, оған Түркістан облысына қарасты аудан психологтары, Түлкібас АПБ майоры, «Отбасын қолдау орталығының» мамандары, Түлкібас аудандық емхана психологтары, З.Ғұбайдуллин атындағы ЖББМ психологы және белсенді жастар қатысты.

• ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ!

ГАЗЕТ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ ӨЗ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Түркістан облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов жайлы жазылған сыни материалдарға байланысты Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесінің «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің бас редакторы Мұратбек Балқыбекұлы Тоқтағазинға жазған хабарламасын ұсынып отырмыз.

Осы жылы Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің орталық және жергілікті жерлердегі сайлауын өткізгендігі бәріңізге мәлім. Осы тұста Сайрам, Қазығұрт, Арыс, Ордабасы аудандарының ардагерлері **Ж. Мәуленқұловтың** аудандық ардагерлер ұйымының конференцияларында сайлау барысында жіберген өрескел қателіктерін бірнеше рет газет бетінде **сынаған** болатын. Орталық кеңеске **орын алған** өрескел кемшіліктерді жойып, **Ж. Мәуленқұловтың** тарапынан жіберіліп отырған лауазымына лайықсыз әрекеттерге баға беру жөнінде аудандық ардагерлердің ұсынысы бойынша газет Орталық кеңестен шара көру үшін оның төрағасы **Ә. Қ. Құсайыновқа** сұрау салған болатын. Соған байланысты газеттің бас редакторы Мұратбек Тоқтағазинге мына төмендегідей мазмұнда хат келіп түсті. Оқырман осы жайдың немен аяқталғанын білуге құлақ түріп отырғанын және олардың газетте айтылған сыни материалдарға қандай шара көрілгендігін білу туралы талап-тілектер түскенін ескеріп, Орталық кеңестің хат мазмұнын түгелдей жариялауды жөн көрдік.


Ә. Қ. Құсайынов

«АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ОРТАЛЫҚ КЕҢЕС

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ
«ОРГАНИЗАЦИЯ ВЕТЕРАНОВ»
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ СОВЕТ

010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11-207,
т. 556-970, 556-488, 557-588, 556-968, 557-296,
e-mail: info@ardager-rqb.kz

№ 234
2026 ж. «13» шілде

010000, город Астана, улица Бейбитшилик, 11-207,
т. 556-970, 556-488, 557-588, 556-968, 557-296
e-mail: info@ardager-rqb.kz

№_____
«_____» _____ 20____ г.

«Әділет» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газетінің Бас редакторы М.Б.Тоқтағазинге

Құрметті Мұратбек Балқыбекұлы!

Сіздің ағымдағы жылы 15 және 29 маусымда Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің Төрағасы Ә. Қ. Құсайыновтың атына жолдаған өтініштеріңізге сәйкес келесіні хабарлаймыз.

Сіз көрсеткен фактілерді тексеру мақсатында Е. Ұ. Бектұрғановтың жетекшілігімен арнайы комиссия құрылып, Түркістан облысына барып қайтты. Комиссия мүшелері облыстық филиал төрағасы Ж. Мәуленқұловтың іс-әрекеттерінің заңсыздығын алға тартып шағымданған азаматтармен де, сондай-ақ филиал басшысының жұмысын қолдайтын қызметкерлермен де егжей-тегжейлі әңгімелесу жүргізді.

Тексеріс қорытындысы бойынша комиссия Түркістан облыстық филиалының аппараты іс жүзінде Шымкент қаласында орналасқанын және қызметін сонда жүзеге асырып отырғанын анықтады. Осыған байланысты Ж. Мәуленқұловқа қысқа мерзім ішінде филиал аппаратының облыс орталығы – Түркістан қаласына көшуін қамтамасыз ету туралы қатаң әрі ымырасыз талап қойылды. Көшуден бас тартқан жағдайда басшыға өз өкілеттігін ерікті түрде тапсыру ұсынылды. Осылайша, Орталық кеңес өңірлік бөлімшеде түбегейлі шаралар қабылдады.

Қосымша ретінде, жұмыс тиімділігін арттыру және болашақта мұндай жағдайларға жол бермеу мақсатында Орталық кеңес тарапынан өңірлік филиал басшыларының лауазымда болуының шекті мерзімдері қайта қаралатынын (басшылық кадрларды ротациялау және өкілеттік мерзімдерін шектеу енгізіледі) мәлімдейміз. Ал Сіз атап өткен басқа да позициялар мен фактілерге келетін болсақ, оларға құқықтық баға беріп, түпкілікті шешім қабылдау – тек сот органдарының құзыретіне жатады. Бірлестік басшылығы тек құқықтық өріс шеңберінде әрекет етеді.

Қысқа мерзім ішінде «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің Төрағасы Ә.Қ. Құсайыновтың жетекшілігімен ауқымды жұмыстар атқарды:

• Бірқатар түйінді келісімдерге, соның ішінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен зейнеткерлердің өмір сүру сапасын жүйелі түрде жақсарту жөніндегі маңызды Меморандумға қол қойылды.

• Басшылықтың өңірлерге тұрақты жұмыс сапарлары ұйымдастырылып, қарттарды қолдаудың жаңа жобалары іске қосылды, жер-жерлерде ауқымды кездесулер өткізілуде.

Өкінішке қарай, бұл маңызды әрі оң өзгерістер Сіздің басылымыңыз тарапынан шығарылмаған, тек жағымсыз тұстары ғана жазылуда. Бүгінгі таңда ардагерлер ұйымдары мен серіктес бұқаралық ақпарат құралдарының міндеті – қоғамымызды ұйыстыруға, тұрақтылықты нығайтуға және Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қойған ауқымды міндеттерді орындауға жұмыла әрекет ету. Тек жасанды резонанс тудыруға бағытталған сыңаржақ жарияланымдар оқырмандардың мазасын алып, тұтастай алғанда еліміздің ардагерлер қозғалысының беделіне нұқсан келтіреді, бұған жол беруге болмайды.

Ақпарат беру тәсілдерін қайта қарап, бастауыш, аудандық және облыстық буындағы ардагерлердің шынайы жетістіктері мен күнделікті қажырлы еңбегін жариялауды бастауды нық ұсынамыз – біздің аға буын бұған әбден лайықты.

Біз бұрынғыша сындарлы диалогқа ашықпыз және Сіздің газетіңізбен алдағы уақытта да тек позитивті, жасампаздық негізде жұмыс істейміз деп үміттенеміз.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Төрағасының бірінші орынбасары, генерал-лейтенант **А. Тасболатов**


Ж. Мәуленқұлов

Хатта көрсетілген шешімнің орындалуын газет редакциясы назардан тыс қалдырмайды және ардагерлер ұйымының ізгілікті бастамаларын қолдап отыруға, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ішкі және сыртқы саясатын қолдап, уақытылы мақалалармен талап-тілектер алдағы кезде жазылып тұрады.

«Әділет» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газетінің алқа ұжымы.



ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ *және ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР*

Жаһандану дәуірінде технологияның қарыштап дамуы адам өмірін жеңілдеткенімен, рухани құндылықтардың әлсіреу қаупін де қатар алып келеді. Ақпарат ағыны күшейтілген қазіргі кезеңде жастардың дүниетанымы әлеуметтік желілер арқылы қалыптасып жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Осындай уақытта ұлттың рухани тұтастығын сақтайтын ең басты күш – ұрпақтар сабақтастығы.

Осы орайда, «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайыновтың «Ұлттық құндылықтар және ұрпақтар сабақтастығы» аясында қолға алған жеті басым бағыт жоспары өте құптарлық дүние.

Меніңше, ұрпақтар сабақтастығын сақтау – тек ата-ананың немесе ұстаздың ғана міндеті емес. Бұл бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Ұрпақтар сабақтастығы тек туыстық байланысты ғана білдірмейді. Ол ата-бабадан қалған өнеге, өмірлік тәжірибе, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің келесі буынға жалғасуы. Дана халқымызда «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген мақалдың өзі тәрбиенің ең алдымен отбасынан басталатынын меңзейді. Бұл сайып келгенде, бала үлкендердің тірлігіне қарап өседі, болмысына адамгершілік, елге деген сүйіспеншілік, еңбекқорлық ең алдымен отбасында қалыптасады дегенді білдіреді.

Өкінішке орай, бүгінде үлкен мен өскелең ұрпақтың арасындағы рухани байланыс ертегідегідей деп үлкен сеніммен айта алмаймыз. Күнделікті күйбелең тіршілік, уақыттың жетіспеушілігі, телефон мен әлеуметтік желіге тәуелді болу, бір отбасы мүшелерінің пікір алмасып, сөйлесулеріне кедергі жасап жатады. Осының салдарынан көп жастарымыз ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздан шет қалып жатады. Бұл жайт терең ойлануды қажет ететін мәселе.

Көбіне біздер ертеңгі болашақ туралы көп айтып жатамыз. Ертеңгі күнгі жарқын болашақ бүгінгі біз тәрбиелеп жатқан ұрпақтың қолында. Біз бүгін ұлттық құндылықтарымыздың негізінде тәрбиені нығайтып, үлкендер мен жастар арасындағы тығыз байланысты қалыптастыра алсақ ертең өз тарихын қадір тұтатын, елінің өсіп дамуына қомақты үлес қоса алатын саналы ұрпақ қалыптасады.

Ұлттық құндылықтарымызды өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында, Шымкент қалалық ардагерлер ұйымы ауқымды жұмыстарды атқарып келеді.

Қалалық ардагерлер ұйымына қарасты аудандық ардагерлер ұйымының, бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары, зиялы қауым өкілдері, білім басқармасына қарасты білім ұйымдарының басшылары, Ассамблея мүшелері, белсенді жастар орталығының мүшелері, қалалық дін басқармасының өкілдері, қоғамдық бірлестіктердің басшылары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 2023-2025 жылдар аралығында, «Отан – отбасынан басталады», «Қоғам – ұлттық құндылықтар мен ұрпақтар сабақтастығының ұйытқысы» тақырыптарында үлкен форумдар өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдары беттері арқылы қала тұрғындарына үндеу жарияланды.

Осы бағытта бастауыш ардагерлер ұйымдарында құрылған әжелер, аналар мектептері де жүйелі жұмыстарды атқаруда.

Білім беру ұйымдарында, мәдениет ошақтарында, кітапханаларда және қоғамдық ұйымдардағы жастар мен ардагерлердің басын қосатын іс-шараларда үлкен буынның өмір жолы, елге сіңірген еңбегі мен тағылымды әңгімелері жас ұрпаққа өнеге болары анық. Мұндай тәрбиенің орнын ешбір оқулық немесе интернет алмастыра алмайды.

Осы жұмыстарды толыққанды жүргізу мақсатында, елге, өңірге еңбегі сіңген ардагерлердің өмір жолдары жайлы, «Шымкенттің шамшырақтары еді», «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» айдарымен екі кітап 2026 жылдың қыркүйек айында жарық көреді.

Қалалық ардагерлер ұйымының жылдық жоспары бойынша «Ұлттық құндылықтар және ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбында қазан айының соңында кеңейтілген форум өткізу жоспарлануда. Бұл өз кезегінде Республикалық Ардагерлер ұйымының жеті басым бағыты бағдарламасын дәріптеу, насихаттау болып табылады.

Ұрпақтар сабақтастығы – өткеннің мұрасын сақтау ғана емес, болашаққа деген жауапкершілік. Ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, кейінгі буынға аманаттау – әрқайсысымыздың қоғам болып атқаратын азаматтық борышымыз. Сонда ғана ұлттың рухани өзегі берік болып, тәуелсіз еліміздің тұғыры биіктей береді.

Төлебаев Кенжехан Атақұлұлы, Шымкент қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
жазушы-режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Міне, мектебіміздің маңдай алды оқушысының бірі, әрі қабырға газетінің редакторы Доқтырхан Тұрлыбековтың өзі де келді, – деді директор орнынан тұрып. – Доқтырхан, мына ағаңа жақсылап сәлем бер, ол аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. Сен Алматыда өтетін «Қазақстан пионері» газетінің мерекесіне баратын болдың. Базар ағаң сені өзі ертіп апарамын деп отыр.

Сенер-сенбесімді білмедім. Бірақ, бәрі рас болып шықты. Сол-ақ екен, атағым бүкіл ауылға дүркіреп жүре берді.

– Ойпырмай, не дейсің, Тұрлыбектің қалқан құлақ баласы Алматыға баратын болыпты!

– Иә, өңшең газет тілшілерінің үлкен жиналысына қатысады екен өзі.

– Анау-мынау емес, комсомолдың бірінші хатшысы алып барады екен Доқтырханды!

Алматыға жүргенше бүкіл ауылдың әңгімесі мен жайлы болды. Әрине, менің ғашықтығымды талқылайтын комсомол жиналысы болмай қалды. Ал, мұғалима Қатима болса, Доқтырхан ең үміт күтетін шәкіртімнің бірі деп, көкке сыйғызбай мақтайтынды шығарды. Бұрын мұрнын шүйіріп қарамайтын ең сұлу қыздардың өздері сыртымнан қызыға қарайтын болып жүр. Жолға жүрердің алдында айдай сұлу Айнаштың өзі: «Доқтырхан, екеуміз мәңгі-бақи дос болайық», – деп хат жазып, баяғы заманның бойжеткендеріндей кестелі орамал сыйлады маған. Бүкіл ауылды шулатып, астанаға шікірейіп аттанып кеттім...

Сол кездегі Коммунистік даңғылы, 63 үйге орналасқан «Қазақстан пионері» газетіне жас тілші ретінде көзі шегір, құлағы қалқиған сары баламен бірге тіркелдім. Таныса келе, екеуміз бір-бірімізді сырттай танитын болып шықтық. Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданынан «Қазақстан пионеріне» бұрқыратып жазып жататын Көпен Әмірбеков екеуміз Алматының қақ ортасындағы зәулім қонақ үйдің бөлмесіне бірге орналастық.

Екі күннің ішінде бармаған жеріміз жоқ. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жас тілшілердің қуанышында шек жоқ. Бәріміз шешеміз егіз ұл туғандай мәз-мәйрамбыз. Жататын жеріміз, ішетін тамағымыз, мінетін көлігімізге дейін су тегін.

Мен Алматыға жүрерде бүкіл туған-туысқандар «Әулетіміздің атағын шығарып жатқан баладан аяғанды ит жесін» деп, қой тұрмақ, бір сиыр сатып алуға жететін пұл жинап берді. Сауысқаннан сақ анашым: «Алматы деген үлкен қала. Ондай жерде ұры-қары да көп болады, ақшаңды ұрлатып алып жүрме», – деп тіземе дейін келетін қара түрсиге арнайы қалта жасап, әлгі бір бума ақшаны салып берген болатын. Мұнда келгелі бері оның мұрты да бұзылған жоқ, анда-санда орнында ма деп тексеріп қоямын. Алматыда екі тәулік болып, ауылымызға қайтатын болдық.

– Доқтырхан, – деді Көпен кешкі ас ішіп отырғанда. – Ақшаң бар ма?

– Бар, – дедім. – Апам түрсиімнің ішінен қалта тігіп салып берген, сонда жатыр. Жүр, екеуміз балмұздақ жейік, лимонад ішейік.

Көпен әлденеге мәз болып күліп жіберді, сонан соң үзілген сөзін жалғады.

– Менің апам да ақшаңды шпаналар ұрлап кетпесін деп түрсиге қалта жасап берді.

– Досым-ау, балмұздақ қайда қашар дейсің. Одан да мықты бір шаруа бар, – деді Көпеннің шегір көзі жайнап. – Екеуміз теңдей етіп пұл шығарып, «Қазақстан пионері» газетінің редакторын, біздің жіберген мақала-өлеңдерімізді үнемі газетке жариялап жүрген Рза Құнақова әпкемді және бір-екі газет қызметкерлерін қонаққа шақырайық. Одан екеуміз жаман болмаймыз, жазғандарымыз мүдірмей жарияланып тұратын болады, түсіндің бе, қара бала?!

– Түсінуіне түсіндім, бірақ, қонаққа қалай шақырамыз, ыңғайсыз болмай ма? – дедім екі көзім жыпылықтап.

– Ол жағын мен қатырамын, – деді Көпен. – Сен еш алаңдаушы болма. Екеуміздің апаларымыз жасап берген түрсидің қалтасынан 15 сомнан шығарамыз. Никольский базарында менің Базарбай деген көкем бар, сонда кәуап сатады. Соған айтсам, бәрін қанттай қылады. Сен берген 15 сомға екі шөлмек арақ, бір құты шампан аламыз. Ал, менің ақшама лағман, кәуап, әртүрлі сусын алып, дастарханды жайнатып тастаймыз.

Елге қайтатын күні түске таман редакцияға келіп, Қадыр Мырзалиевке жолығып, Көпен екеуміз еш қысылмай-қымтырылмай алдын-ала келісіп қойған адамдарды қонаққа шақырдық.

– Өздерің кішкентай болсаңдар да жөнді білетін балалар екенсіңдер, – деді Қадыр аға кәдімгідей риза болып. – Неге бармаймыз, барамыз. «Шақырғаннан қалма» деген атам қазақ.

Никольский базарында кәуап пісіретін Көпеннің көкесі дастархан жайып, қазақтың мен деген мықты ақындары Қадыр Мырзалиевті, Мұқағали Мақатаевты, Рза Құнақованы және «Қазақстан пионері» газетінің редакторын жақсылап тұрып күтіп жібердік. Сол бір сәт әлі көз алдымда. Кейінірек Көпен екеуміз Қадыр ақын ағамызбен жақсы араласып, талай сапарлас болдық.



Көпеннің күлкісі



Көпен ұлы Жұбанышпен бірге

– Қазақ кеңпейіл халық қой, талай жерде қонақта болдым. Бірақ, екеуіңнің бізді қалай күткендерің ешқашан есімнен кетпейді. Мұқағали да, Рза да сендерді «жақсы балалар деп мақтап жүрді», – деуші еді жарықтық Қадыр ағамыз.

Аузын ашса көмекейі көрінетін ақын біздің өз «есебіміз» бар екендігін қайдан білсін. Ауылымызға барып Көпен екеуміз баяғыша «Қазақстан пионеріне» хабар-ошар, мақала, өлеңді қарша боратып жазатын болдық. Жазғандарымыз бұрынғыдай кідіріп қалмай, жиі-жиі жарияланып жататын. Мектеп бітірген соң, Көпен екеуміздің біріміз ерте жазушы атандық, біріміз кеш КазГУ-ге оқуға түстік. Екеуміз жарыса әзіл-сықақ жаздық. Оспанхан ағасынан бата алған Көпен Әмірбек талай биіктен асты, мүйізі қарағайдай сатирик атанды.

Жасы алпыстан асқанда Алматыға қоныс аударды. Пайғамбар жасына келгенде екінші рет үйленді, шекесі торсықтай ұл сүйді. Досымның науқастанып жүргенін естіген болатынмын. Бір күні телефон соғып көңілін сұрадым. Жайшылықта әзіл-қалжыңға қамшы салдырмайтын Көпеннің дауысы бір түрлі мұңлы шықты.

– Доқтырхан-ай! – деді ол күрсініп. – Әкем марқұм: «Өмір деген қас пен көздің арасы» деп отырушы еді. Кеше ғана алпыстағы темір үзетін жігіттер едік, бүгінде бір күн ауру, бір күн сау қарияға айналдық. Ұлым биыл онға толады. Құдайдан тағы да он жыл өмір бере гөр деп жалынып-жалбарынып жүрмін. Біраз уақыт жер басып жүрсем, ұлымды аяғынан тік тұрғызып кетер едім...

«Адамның айтқаны болмайды, Алланың айтқаны келеді» деген рас. Арада бір ай өтпей жатып, «Көпен дүниеден озды» деген суық хабар келді. Әй, жалған өмір-ай! Көзден кетсе де көңілден кетпейтін, өлімге қимайтын Көпен достың қазақ әдебиетінде, оның ішінде сатирада орны ерекше бөлек болатын. Сатираның сұрмергені еді ол. Мен досымды сағынышпен еске алып, ол туралы жазған әзіл-шыны аралас дүниелерімді сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмын. Басқа қолымнан не келеді.

Қайран, Көпен досым-ай!

КӨПЕН ҚАЛАЙ БАС РЕДАКТОР БОЛДЫ

Партияның аман-сау кезінде жас сықақшы Көпен Әмірбек мырза Мәскеуге бір айлық оқуға бара қалады. Барған оқу-тоқуы комсомол жетекшілерінің біліктігін арттыру жөніндегі курс. Комсомолға жеті қайнаса да сорпасы қосылмайтын Көпеннің бұл оқуды қайбір оңдырсын. Оның есесіне Мәскеуді арансыз аралап, оны көріп, мұны көріп, бір бой жазып қалады. Екі-үш күн өткен соң: «Қой, ұят болып жүрмесін, анда-санда бар екенімді, тірі жүргенімді білдіріп қойған жөн болар», – деп әлгі комсомолдар курсына бас сұғады.

Үлкен аудиторияның ішінде орыс пен украин да, өзбек пен тәжік те, армян мен грузин де, татар, башқұрт та қаптап өріп жүр. Көпеннің назары бір бұрышта темекіні әкесінің құны қалғандай үсті-үстіне сорып, көк түтінін будақтатып тұрған кавказдық жігітке еріксіз түседі. Ойпырмай, осындай да ұқсастық болады екен-ау! Сойып қаптап қойғандай нақ өзі. Қортық бойына, қоңқақ мұрнына, шегір көзі мен жалпақ бетіне дейін айнымай тартқан. Кавказдық жігіт те Көпенге таңдана қарап қалады. Екеуінің орысшасы онша келіңкіреп жатпаса да, тез танысып, шүйіркелесіп әңгімелесе кетеді.

– Слушай дорогой, ты совсем похоже на меня. Может ты грузин? – дейді кавказдық Көпеннің қолын алып, – Ну смотри а, прямо моя копия.

– Нет, дорогой. Я не грузин, а казах. Казахстан, Алма-Ата ты знаешь? – дейді біздің Көпен де грузинмен қатарласа беріп.

– Казахстан, Алма-Ата как не знаю? Я все таки второй секретарь комсомол комитета Грузии, – дейді грузин. – Давай познакомиться. Я Вахтанг Махарашвили.

– Я Көпен Әмірбек, писатель, – дейді Көпен.

Вахтанг қадалған жерінен қан алатын қызылкөз бәле екен.

– А где ты работаешь, тоже в комсомоле? – деп тақақтап қояр емес.

Сол кезде Көпен мырза республикалық «Білім және еңбек» журналында жауапты хатшы болып қызмет атқаратын. Жаңа танысының алдында дәрежесін кішірейткісі келмеген Көпекең:

– Нет, я не в комсомоле. Главный редактор республиканского журнала – деп өтірікті соғып жібергенін өзі де білмей қалады.

Ертесіне Вахтанг Көпенді Үлкен театрға шақырады. «Сыйға – сый, сыраға – бал» демекші, Көпен мырза грузин досын арада күн құрғатпай Мәскеудің мынау деген мейрамханасына апарып, тыққан-пыққан пұлын шығарып шашып тастайды. Көп ұзамай Вахтанг өзінен бір аумайтын қазақстандық танысын грузиннің мықты деген ақынымен таныстырады. Біздің Көпен намысты қолдан берген бе Вахтангты «Крокодил» журналының сол кездегі Бас редакторының үйіне қонаққа апарып, бір шырқатады. Оқуларын аман-есен бітіріп, бастарын біраз миландырып, елге қайтатын уақыт та таяп қалады. Вахтанг қоштасарда Көпенге алтын жалатқан қаламсап сыйлайды. Көпен бұл жолы да асып түсіп, қолындағы алтын сағатын грузин досының білегіне байлайды. Арада бір ай уақыт дөңгелеп өте шығып, бір күні жұмыс аяқталуға жақын қалғанда, қара сүліктей телефонның жаны қалмай безектеп қоя береді.

«Білім және еңбек» журналының жауапты хатшысы қалақшаны асығыс көтере бергенде:

– Это 63-53-04. Вас просить Тбилиси, – деген коммутатордың шіңкілдеген дауысынан соң:

– Көпен, привет дорогой! Это Вахтанг. Завтра буду в Алма-Ате. Рейс 645. Встречай, дорогой! – деген тбилисилік досының дауысы естіледі.

– Вай-вай! Ой, какие люди! Я очень рад, очень рад! Буду ждать, буду встречать. До завтра, дорогой! – деп Көпен телефон қалақшасын қоя береді. Алғашында кәдімгідей қалбалақтап қуанған Көпен басын сипап, ойланып қалады. Қазаққа қонақ күткен не тәйірі? Жауапты хатшыны қинаған жәй басқа болатын. Тбилисилік досына өзін Бас редактормын деп таныстырғанын есіне алғанда, Көпен отырған орнында тыпыршып, маңдайы тершіп қоя береді.

– Қап, Вахтангты алдап нем бар еді? Енді ұят болатын болды-ау! – деп санын бір-ақ соғады Көпен.

«Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап» деген, болары – болды. Көпен бұл тұйықтан шұғыл түрде аман-есен шығудың жолын қарастыра бастайды. Ол шегір көзі сығырайып, ары ойланып, бері ойланып, өзінің тікелей бастығы, журналдың сол кездегі Бас редакторы, белгілі жазушы Бейбіт Қойшыбаевқа барлық жағдайды түсіндіріп, айтуға мәжбүр болады.

– Бәке, жағдай осылай болып тұр. Мені ұяттан өлтіргіңіз келмесе, маған бір күнге кабинетіңізді, «Волгаңызды» беріңіз, – деп өлердегі сөзін айтып жалбарынады.

Бас редактор Көпеннің қылығына ішегі қатқанша күліп, келісімін береді.

...Ертесіне «Білім және еңбек» журналының ұжымы Грузия комсомолы Орталық Комитетінің екінші секретары Вахтанг Махарашвилиді хан көтеріп, қарсы алады...

ВОТ ЭТО ДАЙ...

Сонау алпысыншы жылдардың аяғында КазГУ-дің журналистер даярлайтын факультетіне жаңадан түскен қалқан құлақ сары бала Көпен Әмірбек өзінің курстастарымен бірге Қостанай облысының бір шаруашылығынан бір-ақ шығып, қырманда шаңын бұрқыратып, астық тазалап жатады. Онсыз да милары ашып, шаруа басты болып жүрген совхоз басшылары көмекке келген студенттердің қамын қайдан ойлай қойсын. Көпен және оның курстастарының берекелері алғашқы күннен бастап-ақ қаша бастайды. Таңның атысынан, күннің батысына дейін үсті-бастарын шаң басып, ауыр жұмыс істейді. Жұмыстан шаршап-шалдығып келгенде, «Қиналып қалдың-ау, құлыным» деп жайылып көрпе, иіліп жастық болатын, бар жылы-жұмсағын аузына тосатын ата-ана жоқ. Жататын жерлері – шаруашылықтың қисайып құлайын деп тұрған ескі клубы. Жегендері қатып қалған қара нан, ішкендері су татитын капуста көже. Мойыны ырғайдай, биті торғайдай болып жүрсе де, біздің Көпен қиындықты мойындаған ба? Бір күні оның шегір көзі қырмандағы асханада аспазшы болып істейтін екі анары піскен әңгелектей тырсылдаған, еріндері қып-қызыл шиедей үлбіреген Таня деген орыс қызына түсіп, аяқ астынан ғашық болады да қалады. Көпеннің орысшасы шамалы, Таняның қазақшасы мүлдем жоқ. Бірақ, бір-біріне әрі кет емес, сәлемдері түзу. Таняны көрсе Көпен мәз, Көпенді көрсе Таня мәз. Соңғы күндері орыс қыздың «ғашығы» басқа сту-

денттерге қарағанда қоюлау, дәмділеу ас ішіп, ұрты бұртиып, жағдайы кәдімгідей жақсарып қалады. «Сыйға – сый, сыраға – бал» демекші, күздің бір кешінде Көпен мырза Таняны киноға шақырады. Алғашқы курстың студенттері арасында жүрек жұтып, сұлу бойжеткенді кездесуге шақырып жатқандар некен-саяқ. Оның үстіне Көпен анау-мынау емес, совхоздың мынауский деген қызымен киноға барып қыдырмақ. Сол кезде таптыра бермейтін нейлон көйлек, шынжыр баулы, балағы кең шалбар, үштік тұмсық, биік өкше туфли киіп, сылқиюы жаман Көпеннің. Мұны қызық көрген екі-үш курстасы Көпен мен Таняны сырттай аңдап, торуылдап жүреді.

Екі ғашық иық тиістіріп, кино көрген соң, қыркүйектің суық кешіне қарамастан біраз серуендеп, балалар бақшасының жанына келіп тоқтайды. Көпеннің көзі Таняда. Шайтан қыз әдемі-ақ, құшақтасаң, құшағың толады, қос анары мен мұндалап, көздері мөлдіреп, еріндері үлбіреп, қарамасына қоймайды. Көпенге салса, дәл қарсы алдында тұрған сұлу қызды бас салып сүйіп-ақ алар еді. Бірақ, жүрегі атша тулап, батылы бармай тұр, бірдеңе деп айтайын десе, шала-пұла орысшасы жетіңкіремейді.

– Таня, – дейді Көпен үздігіп, – можно у тебя спросить?

– Пожалуйста, Купен, – дейді Таня күлімдеп.

– Таня, – дейді Көпен тілі күрмеліп. Ары қарай бірдеңе дейін десе, тілі құрғыр байлана береді.

– Не стесняйся, Купен, – дейді Таня, – ну, говори же.

Сонда Көпен өзін-өзі қамшылап, батылдыққа шақырып, қыздың жанына жақындай түсіп, еріндерін сұқ саусағымен көрсетіп:

– Таня, вот это дай, – деп біреу қуып бара жатқандай аспазшы қызды бас салып құшақтап, жаңа піскен қызыл шиедей еріндерінен құшырлана сүйіп-сүйіп алыпты...

«0:5 БОЛАТЫН ЖАҒДАЙЫМ ЖОҚ...»

Ел жақта түбі түскен шелектей даңғырлап қалған Нұржан деген құрдасым бар. Бала кезден бірге өскен досым колхоздың маңдайалды шопандарының бірі. Өзі байымаса да, шаруашылықтың дәулетін қарқ қыламын деп темір тұлпарын тізгіндеп алып, күндіз-түні шапқылайды да жүреді. Сол құрдасым жақында қырық жасқа толып, дүрілдетіп той жасамақ. Кеше жұмыс орнына телефон қоңыраулатып, маған салық салып, тойына он бөтелке арақ әкелуімді шегелеп тұрып тапсырған болатын. Оның шегелеп айтатын жөні бар, қазір қалада да, далада да арақ жарықтық құстың сүтіндей қат болып тұр. Қасқабас Горбачев қайта құрамын деп, бәрін құртып бітті емес пе? Азық-түлік дүкендерінде консервіленген «Кильки» балығынан басқа көзге көрінер бір зат жоқ, қаңырап бос тұр. Алматының қақ ортасындағы үлкен гастрономда қарауыл болып істейтін орыс көршіме біраз тиын-тебен беріп, он шөлмек «Экстраға» қолым әрең жетті.

Тамыз айының ортасы болғандықтан, теміржол бекеті құмырсқаның илеуіндей, жолаушы көп, билет жоқ. Көз қысты, бармақ басты дегендей, таныстарымды жағалап, Жамбылға дейін пойызға әрең дегенде бір билет алдым. Кілең арақ салынған үлкен қара дипломатты сықырлатып, 1-ші Алматыға қарай зымырап келемін. Пойызға әрең үлгеріп, вагонға біреу қуғандай асыға-аптыға кірсем, сол кезде атағы дүркіреп, жер жарып тұрған сатирик-жазушы Көпен Әмірбек күндей күркіреп отыр. Жанында отырған әдемі кавказ нәсілді жас келіншек пен жас жігіт әлденеге мәз. Дәл орталарынан таусылуға жақындап қалған бір бөтелке арақ, болар-болмас тіске басар орын алыпты.

Купелес көршілеріммен амандасып, өз орныма жайғаса бастадым. Бейтаныс жас келіншек болмаса, Көпен мен Хамитті жақсы танимын. Көпен атағынан ат үркетін «Араның» жауапты хатшысы, Хамит болса, «Социалистік Қазақстанның» айдарынан жел ескен білдей тілшісі. Көпеннің шегір көздері бірден менің қолымдағы қара дипломатқа түсті. Оны қоя бергенімде ішіндегі қыл мойындар бір-бірімен соғылысып, сықыр-сықыр етіп, біз мұндамыз дегендей белгі берді.

– Міне, іздеген затымыздың өзі де келіп қалды, – деді Көпен мәз болып. «Мен ұрлыққа шыққанда ай жарық болды» демекші, амалдың жоқтығынан дипломатымды ашып, «Экстраның» біреуін шығардым. Төртеумізге бір шиша арақ түк те болған жоқ, Хамит пен Көпен шалқасынан жатқан қара дипломатқа қарайды, мен түк байқамаған болып, терезеге қараймын.

– Доқтырхан, – деді Көпен күліп, – ауызымыздың суы құрып, осылайша отыра береміз бе, шығарсаңшы біреуін.

– Көпен, – деймін қипақтап, – бір құрдасым қырыққа толып, той жасамақшы, маған он шиша арақ әкелесің деп салық салған еді. Онсыз да біреуін ішіп қойдық, айыпқа бұйырма, бере алмаймын.

– Доқа, – дейді Көпен менің жаныма жақындай түсіп, – «Араның» келесі нөмірінде сенің бір әзіл әңгімең шыққалы жатыр. Қаламақысына 25 сом емес, бақандай 50 сом қоямын. Шығаршы біреуін, одан соң қинамаймын. Мына грузин келіншек қазақтар сараң екен деп жүрмесін, шығаршы біреуін. Ұлттың намысы үшін керек болып тұр...

Біреу ату жазасына алып бара жатқандай орнымнан әрең көтерілдім. Ортаға қойған арақты алғашқыдай бас салмай, жайлап ішіп отырмыз. Көпеннің бір көзі – қырлы стақанда, екінші көзі жанында гүлдей жайнап отырған әдемі келіншекте. Бар өнерін салып, анекдоттық түр-түрін соғып, көршісін шыр көбелек айналдырып отыр. Төртеуміздің ішімізде деептеп от бар, мәз-мәйрам болып, Отарға қалай жеткенімізді аңғармай қалдық. Көпен, Хамит үшеуміз темекі шекпек болып, вагонның дәлізіне шықтық.

– Аталарымыз «Құланның асуы, мылтықтың басуы» деп бекер айтпаған ғой. Өздерің де байқап келесіңдер, мына сұлу маған әрі кет емес. Екеуің көрші вагонға достарыңа кеткен болып, бізді бір-екі сағатқа оңаша тастап кетіңдер, – деді Көпен купеге кіреберісте. Біраз отырған соң, Хамит екеуміз көрші вагонға бармақ болып, өтірік жөтеліп, орнымыздан тұра бердік. Ортамызда атағы жер жарып тұрған Көпен Әмірбек тұрғанда, біз екеумізге әдемі келіншекке қырындау қайда?!

– Жас жігіт, – деді әлгі грузиннің сұлуы менің жеңімнен тартып, – достарыңыз жолдастарына барса барып келсін, сіз менің жанымда қалыңыз.



Қос саңлақ Көпен Әмірбек және Мұхтар Шерім

«Түйе бойына сеніп, жылдан бос қалыпты» деген осы. Орнынан ұшып тұрған Көпеннің шегір көздері жыпылықтап кетті.

– Неге аялдап қалдыңыз? – деді Нонна тананың көзіндей әдемі жанарын төңкеріп қойып. – Досыңыз күтіп қалды ғой... «Жүгірген жетпейді, бұйырған кетпейді» деген осы. Жаңа ғана айдарынан жел есіп отырған Көпен батыр қипақтап-қипақтап, Хамиттің соңынан ілесе берді...

1990 жылдың басында Көпен Әмірбек бастаған бір топ жазушы-сатириктер Алматыдағы Қыздар институтына барып, кездесу өткіздік. Менен басқаларының барлығы шетінен сен тұр, мен атайын дейтін мықты-мықты ақын-жазушылар. Берік Садыров пен Толымбек Әлімбектің өздері неге тұрады! Еркін Жаппасұлы, Жарылқасын Дәулеттің де сынаптан шыққан қылыштай қылшылдап тұрған кезі. Сатира мен әзілсықақ отауын енді-енді ғана жағалап жүрген мен ғана. Бәріміз аянған жоқпыз, суырылып-суырылып шығып, шығармаларымызды оқып жатырмыз, үлкен зал ішіндегі студент жастар күлкіге қарқ болды да қалды.

Үш сағатқа созылған думан отыз шақты адам бас қосқан банкетке жалғасты. Бүгінгі кездесуді ұйымдастырып зыр жүгіріп жүрген Алма деген қыз аяқ-қолы балғадай, екі көзі мөлдіреген, қос анары мен мұндалап, тебіндеп тұрған келісті бойжеткен болып шықты.

Байқаймын, кездесу басталмай тұрып-ақ Көпеннің шегір көздері әсем қызға түсті. Көлденең көк етіктіні қия жібермейтін досым дастархан басында менімен қатар отырған Алмаға бәйек болды да қалды.

– Айналайын, өзің бір алтын асықтай сүйкімді бала екенсің. Осында мұғалім болып қызмет атқарасың ба? – деді Көпен мойнын созып. – Қай жақтың періштесісің, қалқам?

– Оңтүстіктенмін, – деді Алма жәудір көздерін жарқ еткізіп.

– Бәсе, бәсе, ішім сезіп еді, өзімнің қарындасым екенсің ғой, – деп Көпен отырған орнында қопаңдап қойды.

– Сіз де бөтен емессіз ғой, – деді Алма. – Бірақ мен жанымда отырған Доқтырхан ағаға сәл жақынырақпын, Жамбыл облысының қызымын.

– Солай де, – деді Көпен көзін сұлу қыздан алмай. – Дегенмен, сен бұл ағаңа онша сене берме, банкет біткен соң, үйіңе дейін өзімнің «Волгаммен» жеткізіп тастаймын.

– Рахмет, Көпен аға! – деді Алма жымиып. – Сенімсіздеу болса да, Доқтырхан аға екеуміз автобуспен бірге қайтамыз.

Белгілі жазушы-сатирик Садықбек Адамбеков ағамыздың 100 жылдығына байланысты Арыс ауданына Қадыр Мырзаәлі, Көпен Әмірбек үшеуміз бірге баратын болдық. Елдегі кездесулерді бейне таспаға түсіру үшін жанымызға Жеңіс деген кинооператорды ертіп алдық. Мамыр айының бір тамаша күні еді. Жүрдек пойызбен Арыс қайдасың деп зулатып келеміз. Бұл қазақтың ақиық ақыны Қадыр ағамен үшінші сапарымыз. Бүкіл қазақ халқы алақанына салып, құрмет тұтатын ақын күнделікті өмірінде қарапайым, үлкен-кішімен тез тіл табысады, әзілқалжыңға да қамшы салдырмайды. Жолымыз болсын деп, ақаңнан жүз-жүз грамм тартып жібердік. Көңілді келеміз, мұндай ұзақ сапарда Көпен отырыстың нағыз гүлі. Қай-қайдағыны айтып, күлкіден ішегімізді қатырып келеді. Мен де анда-санда оған қосылып, күлкілі әңгімелерді тұздықтатып қоямын. Дәлізге шығып, темекі шектік. Дәл жанымыздан өтіп бара жатқан екі әдемі келіншек Қадыр Мырзәліні танып, бұрылып сәлем берді.

– Мына әдемі келіншектер сәлемін маған арнағанмен, көздері сендерде болды, – деді ақын ағамыз әзілдеп. – Қанша дегенмен жассыңдар ғой...

– Мені қойшы, – дейді Көпен қалжыңдап. – Қандай сиқыры бар екенін білмеймін, көздері күлімдеген, беті жалтыраған қыз-келіншек біткен Доқтырханға бірінші болып көз тастайды. Сондай жолы болғыш. Менің бұл досымнан 2:0 есебімен ұтылып, реванш қайтара алмай жүрген жайым бар.

– Ойпырмай, Көпен Әмірбек те жеңіледі екен-ау, – деді Қадыр жымиып. – Қыз-қырқынды айналдырғанда алдыңа жан салмаушы едің, Доқтырханнан қалай жеңіліп жүрсің? Әңгіме болсын, айтып берсеңші, жол қысқарсын.

– Купенің ішіне кірген соң айтып берейін, аға. Бұл бауырыңыздың мен сияқты дүрілдеген атағы да жоқ, қыз-келіншектерді байлығымен қызықтыратын дәулеті де жоқ. Анау едірейген мұрты болмаса, алып бара жатқан көркі де жоқ. Сөйте тұра, бет біткеннің сұлулары осыны көрсе, өздері жабыса кетеді. Түсінбей-ақ қойдым...

Үшеуміз қарқылдап күліп, купеге бет алдық. Көпен досым менен қалайша 0:2 есебімен ұтылғанын құтыртып тұрып айтып берді.

– Көпен, – деді Қадыр әзілдеп. – Олай болса, абай бол, Арыста сенің көзің сөз жоқ, бір әдемі періштеге түседі, Доқтырхан қағып кетіп, аузыңды аңқитып жүрмесін.

– Олай бола қоймас, – дейді Көпен әзіл-қалжыңды қоюлата түсіп. – Осы сапарымда бұл Доқтырханнан қалай болғанда да реванш аламын...

Арыс теміржол бекетінде бізді ауданның бүкіл дөкейлері аяқтарынан тік тұрып қарсы алды. Ұлттық киім киіп, талшыбықтай бұралған қыздар гүл ұсынып, мәз-мәйрамбыз. Бізді аудан әкімі қабылдап, таңертеңгі шайымызды ішкен соң, қонақ үйге орналасуға жинала бастадық. Қарсы алғандардың ішінде ерекше бір сұлу келіншек болды. Аққудай кербез қимылдайтын періштеге Көпеннің шегір көздері бірден түсті. Байқаймын, бізді қонақ үйге орналастыратын осы келіншек болмақ.

– Қадыр аға, мен Садықбек Адамбеков тәрбиеленген балалар үйі директорының орынбасары боламын. Есімім – Әлимаш, – деді әдемі келіншек әдемі қастарын керіп. – Қала орталығындағы қонақ үйінде жалғыз люкс-номер бар. Сол номерге Көпен екеуіңіз орналасыңыздар. Ал, режиссер мен кинооператорды балалар үйіне алып кетеміз, бізде бұл жігіттерге лайықты жай табылады.

– Қарындас, – деді Көпен Әлимаштың сөзін бөліп. – Режиссер Қадыр ағамен қалсыншы. Сіздерге мен-ақ барайыншы...

– Жоқ, жоқ, – деді әдемі келіншек келіспей, – Көпен Әмірбек деген дардай атыңыз бар. Сіздің Қадыр ағамен бірге болғаныңыз дұрыс болар. Қорықпаңыз, режиссер мен кинооператордың ішін пыстырмаймыз...

Жаңа ғана лапылдап тұрған Көпеннің көңіл-күйі түсіп кетті. Оның жағдайын түсінген Қадыр аға маған байқатпай көзін қысып үлгерді...

Қайтар жолда Шымкенттегі теміржол бекетінде біздің купеге солқылдаған бір әдемі келіншек кірді. Сұлулық пен жастық кімді селт еткізбеген, Қадыр аға мен Көпеннің көзі бірден әлгі періштеге түсті. Екі күн бойы зыр жүгіріп, бейне-көріністер түсірген оператор жоғарғы қатарға шығып, ұйқыға кірісті. «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» демекші, мен купенің бір бұрышында тымырайып, тыныш қана отырмын.

Сайрамнан асқанда Қадыр аға жол сөмкесін ашып, сұлу қарындасына қолтаңба жазып, жаңа кітабын сыйлады. Көпен дастарханды жайнатып тастап, ыстық шай әкелуге кетті.

– Жаңылыспасам, сіз Доқтырхан Тұрлыбек емессіз бе? – деді бейтаныс келіншек маған бұрылып.

– Иә, сол ағаңмын, – дедім елең ете түсіп.

– Сіздің Қазақ теледидарынан апта сайын жүргізетін «Бойтұмар» атты хабарыңызды үзбей көремін. Маған өте ұнайды, – деді шымкенттік сұлу маған күлімдей қарап.

Көпен ыстық шай әкеліп, кеселерге құя бастады.

– Доқтырхан аға, мен Шымкент теледидарында режиссер болып қызмет атқарамын. Алматыда бір ай болып, Қазақ теледидарында тәжірибеден өтпек ойым бар. Егер қарсы болмасаңыз, сіздің бағдарламаңызға сұранайын, – деді купелес келіншек сөзін жалғастырып.

Бұл сөзді естігенде Көпеннің шыбын жаны шығып кете жаздады.

– Қарлығаш, – деді Көпен көздері алақтап, – тәжірибеден өткің келсе, «Хабарға» бар, онда менің бір жақсы танысым жұмыс істейді.

– Иә, Көпен ағаң дұрыс айтады, – дедім мен. – «Хабардың» бізге қарағанда шоқтығы биік, айдарынан жел есіп тұр. «Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» демекші, онда барсаң жағдайың жаман болмайды. Режиссерлері де шетінен мықты, техника жабдықтары да бізден әлдеқайда артық.

– «Хабар» мықты болса, бола берсін. Оған менің еш қарсылығым жоқ, бірақ, онда «Бойтұмар» сияқты ұлттық өнерді, салт-дәстүрді жанжақты ашып көрсететін жақсы бағдарлама жоқ, – деді Қарлығаш қолына шай құйған кесені алып. – Сіз қарсы болсаңыз да, мен бастықтарыңызға кіріп, «Бойтұмарға» сұранамын.

Сылаңдаған сұлу келіншектің мына сөзінен соң Көпен шай ішіп жарытпады. Қадыр аға үшеуміз темекі шекпек болып дәлізге шықтық.

– Көпен, – деді Қадыр аға маған көзін қысып. – Мына Доқтырхан бауырымнан сен тұрмақ, мен қорқа бастадым. Арысқа келе жатқанымызда реванш қайтарамын дегенің қайда? Әзірше футбол тілімен айтқанда 0:4 есебімен ұтылып жатырсың. Босқа әуре болма, мына перизат екеумізге де көнбейді, Доқтырхан жаққа құлап отыр...

– Айттым ғой, бұның бір сиқыры бар деп. Осыны көрсе, беті жылтыраған қыз-келіншек біткеннің есі шығып кетеді. Махаббаттан жолы болғыш...

Көпен қолын бір сілтеп, көрші вагонда келе жатқан жолдасына бет алды...

...Жақында Қазақстан Жазушылар одағының 80 жылдығы болып, салтанатты жиын өтетін Опера және балет театрына бет алдық. Кіре берісте Астанадан келген Көпен Әмірбек досым кездесіп, «Бажа бажаны көрсе басы қышиды» демекші, екеуміз өткен-кеткенді айтып, әзілдесіп тұрдық. Белі құмырсқадай бір сұлу келіншек екеумізді танып, бізге қол бұлғады.

– Көпен, – деймін досымның жеңінен тартып. – Анау әдемі келіншек саған қол бұлғап шақырып тұр ғой, барсаңшы...

– Барсаң өзің бар, – дейді Көпен көзі көкшіп. – 0:5 болатын жағдайым жоқ, бауырым...

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым
Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1503.

• ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТ ҮМІТКЕРЛЕРІ

20 мыңнан астам талапкердің ЕҰУ-ны таңдауы оқу ордасының биік мәртебесін тағы да аңғартты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2026–2027 оқу жылына мемлекеттік білім беру гранты конкурсына қатысу үшін құжат қабылдау науқаны аяқталды. Құжаттар 13-–20 шілде аралығында офлайн және онлайн форматта қабылданды.



Мемлекеттік білім беру гранты конкурсына қатысуға құжаттарды қабылдау қорытындысы бойынша еліміздің 20 мыңнан астам талапкері Еуразия ұлттық университетінде бакалавриатқа грантта оқуға ниет білдірді.

Биыл талапкерлер арасында педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (IT), құқық, бизнес және басқару, сондай-ақ инженерлік және құрылыс бағыттарындағы білім беру бағдарламаларына сұраныс жоғары болды.

2026-2027 оқу жылына университет бойынша белгіленген шектік баллдар мамандықтарға байланысты **90 балдан 127 балға дейін** бекітілген. Осындай жоғары талаптарға қарамастан, университетті таңдаған талапкерлер саны өткен жылмен салыстырғанда өсім көрсетіп отыр.

Бұл – оқу орнының сапалы білім беру жүйесіне, профессор-оқытушылар құрамының әлеуетіне, білім беру бағдарламаларының сұранысқа ие болуына және түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне деген талапкерлер сенімінің айқын көрінісі.

«Құжат қабылдау науқаны белгіленген кестеге сәйкес ұйымдастырылды. Барлық талапкерлерге қажетті кеңес беріліп, құжаттарды офлайн және онлайн форматта тапсыруға толық мүмкіндік жасалды. Енді талапкерлер грант конкурсының нәтижесін күтеді. Грант иегерлерінің тізімі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен мерзімге сәйкес 10 тамызға дейін жарияланады.

Биылғы қабылдау науқанының басты ерекшелігі – мемлекеттік қызметтердің барынша цифрландырылуы және ақпараттық жүйелердің өзара ықпалдастығының артуы болды. eGov порталы, Бірыңғай жоғары білім беру платформасы (ЕПВО) және Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) ақпараттық базаларының интеграциясы талапкерлердің құжаттарын қабылдау және тексеру үдерісін жеделдетіп, мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Электрондық сервистердің тұрақты жұмысы құжаттарды қабылдау кезеңінің ашық, қолжетімді және тиімді ұйымдастырылуына оң ықпал етті», – деді ЕҰУ қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Ләззат Егеубаева.

Айта кетейік, 2026-2027 оқу жылына арналған бакалавриатқа түсу бойынша 72 мыңнан астам білім беру гранты бөлінді. Мемлекет тарапынан ең көп грант инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары бойынша білім беру бағдарламалары топтарына – 16 674 грант, педагогикалық ғылымдарға – 12 228, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға – 10 387, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика бағыттарына – 9 188 грант берілді.



КҮМІС УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ҚЫЗЫҚТЫ КЕЗДЕСУЛЕР

ЕҰУ-дың Күміс университеті тыңдаушылары жазғы демалыс кезінде де белсенді өмір салтын ұстануда

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Үздіксіз білім беру институты жанындағы Күміс университетінің тыңдаушылары жазғы демалысқа қарамастан кездесулерін жалғастырып, қызығушылық клубтарының жұмысына қатысып, жаңа шығармашылық бастамаларды жүзеге асыруда.

Кезекті кездесу табиғат аясында жылы әрі достық атмосферада өтті. Іс-шараның құрметті қонағы халықаралық сән көрсетілімдерінің қатысушысы Құлтай Спанова болды. Ол биыл көктемде Күміс университеттің «Дефиле» клубында алғаш рет модельдік жүрісті меңгеріп, бүгінде Қазақстанның атынан халықаралық сән алаңдарында өнер көрсетіп жүр. Құлтай Спанова шығармашылық жолы туралы әңгімелеп, Күміс университетте алған білімі өзіне сенімділік сыйлап, халықаралық подиумға шығу арманының жүзеге асыруға қалай көмектескенін айтып берді.

Кездесуде модель Замзегүл Бейсембаева да өз тәжірибесімен бөлісті. Ол қатысушыларды модельдік жүрістің негізгі қағидаларымен таныстырып, Еуропаға сапарға дайындық барысы туралы айтып берді және тыңдаушыларды өзінің шығармашылық жобасына қатысуға шақырды.

Күміс университеттің үйлестірушісі Райхан Баймағамбетова оқу жылының қорытындысын шығарып, жүзеге асырылған білім беру бағдарламалары мен алдағы маусымның жоспарлары жөнінде баяндады. Сонымен қатар «Тұлпар» сауықтыру аймағында өткен Қазақстанның Күміс университеттері қауымдастығының Жазғы мектебіне қатысқан тыңдаушылардың әсерлеріне ерекше назар аударылды. Олар алған білімдерімен бөлісіп, еліміздегі Күміс университеттер арасындағы тәжірибе алмасудың маңызын атап өтті.

Кездесу бағдарламасы аясында Қазақстан тарихы бойынша зияткерлік викторина, белсенді ұзақ өмір сүру тақырыбындағы интерактивті дәріс, есте сақтау мен зейінді дамытуға арналған жаттығулар, сондай-ақ егде жаста өмір сапасын арттыруға ықпал ететін заманауи технологиялардың таныстырылымы ұйымдастырылды.

«Ағзаның ресурстық жағдайы неге байланысты?» атты авторлық курстың лекторы Тота Тоқтасынова тыңдаушыларды өзінің білім беру бағдарламасы аясында өтетін аспаздық шоуға қатысуға шақырды.

Кездесуге қатысушылар ЕҰУ-дың Күміс университеті жазғы демалыс кезінде де олар үшін қарым-қатынас орнатуға, өзін-өзі дамытуға, шығармашылықпен айналысуға және жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды орта болып қала беретінін атап өтті.

«Күміс университет» жобасы аға буын өкілдерінің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік әлеуетін дамытуға, үздіксіз білім алуға жағдай жасауға, өмір сапасын арттыруға және белсенді ұзақ өмір сүруді қолдауға бағытталған.

Балжан АРИНОВА,
«Әділеттің» Астана қаласы және Ақмола облысындағы арнаулы тілшісі
Материалдар ЕҰУ-нің баспасөз қызметі ақпараты негізінде әзірленді

ИСПАНИЯ 16 ЖЫЛДАН КЕЙІН ҚАЙТАДАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Испания құрамасы 2026 жылғы футболдан әлем чемпионатының жеңімпазы атанды. АҚШ-тың Нью-Джерси штатындағы әйгілі «Метлайф» стадионында өткен шешуші кездесуде Луис де ла Фуэнте шәкірттері қазіргі әлем чемпионы Аргентинаны қосымша уақытта 1:0 есебімен жеңіп, өз тарихындағы екінші әлем чемпиондығын тойлады.



Финал тағдырын бір ғана гол шешті

Финалдық кездесу күткендей тартысты өтті. Әлем футболындағы ең мықты құрамалардың бірі саналатын Испания мен Аргентина негізгі уақытта бір-біріне дес бермеді. Екі команда да қорғанысқа басымдық беріп, сақ ойнағандықтан қауіпті шабуылдар көп болған жоқ.

Статистикаға сүйенсек, Аргентина құрамасы негізгі 90 минут ішінде Испания қақпасына бірде-бір дәл немесе дәл емес соққы бағыттай алмады. Бұл испандықтардың қорғаныстағы мінсіз ойынын көрсетті.

Кездесудің шешуші сәттерінің бірі 90+3-минутта тіркелді. Аргентиналық жартылай қорғаушы Энцо Фернандес Пау Кубарсиге қарсы жасаған өрескел әрекеті үшін екінші сары қағаз алып, алаңнан қуылды. Осыдан кейін аргентиналықтар қосымша уақытты бір ойыншы кем өткізді.

Қосымша уақытта Испанияның бағы жанды

Қосымша уақыт басталғаннан кейін Испания шабуылды үдете түсті. 97-минутта Нико Уильямс есеп ашқандай болғанымен, VAR жүйесі голдың алдында ереже бұзылғанын анықтап, төреші голды есепке алмады.

Алайда испандықтар тоқтаған жоқ. 106-минутта Ламин Ямаль ұйымдастырған шабуылдың соңын Ферран Торрес сәтті аяқтап, Аргентина қақпасына жалғыз әрі тарихи голды соқты. Бұл гол кейін матч тағдырын шешкен сәтке айналды.

Кездесудің соңына қарай Торрес тағы бір мәрте мергендігімен көзге түскен еді. Бірақ бұл жолы офсайд тіркеліп, есеп өзгеріссіз қалды.

Испанияның тарихи жетістігі

Осылайша Испания құрамасы 2010 жылғы Оңтүстік Африкадағы жеңістен кейін араға 16 жыл салып қайтадан әлем чемпионы атанды. Бұл ел футболы тарихындағы екінші әлем чемпиондығы.

Луис де ла Фуэнте баптайтын команда бүкіл турнирді жеңіліссіз аяқтады. Чемпиондық жолында испандықтар Австрияны, Португалияны, Бельгияны және Францияны жеңіп, финалда Аргентинаны тізе бүктірді.

Тағы бір маңызды жетістік – Испания ұлттық құрамасы жеңіліссіз сериясын 38 матчқа жеткізіп, Италия құрамасына тиесілі 37 ойындық әлемдік рекордты жаңартты.

Мессидің жаңа тарихи көрсеткіші

Финал Лионель Месси үшін де ерекше болды. Аргентина капитаны әлем чемпионаттары тарихында үш финалға капитан ретінде негізгі құрамда шыққан алғашқы футболшы атанды.

39 жастағы шабуылшы әлем чемпионаты финалында өнер көрсеткен ең тәжірибелі ойыншылардың бірі ретінде тағы бір тарихи көрсеткішке қол жеткізді. Дегенмен бұл рекордтар оның мансабындағы кезекті әлем чемпиондығымен толыққан жоқ.

Аргентина чемпиондық атағын қорғай алмады

2022 жылғы әлем чемпионы Аргентина бұл жолы өз титулын сақтап қала алмады. Лионель Скалонидің шәкірттері финалға дейін Кабо-Верде, Египет, Швейцария және Англия құрамаларын жеңіп жеткенімен, шешуші кездесуде испандықтарға жол берді.

Матч қорытындысы

2026 жылғы әлем чемпионаты. Финал

Испания – Аргентина – 1:0 (қосымша уақыт)

Гол: Ферран Торрес, 106.

Қызыл қағаз: Энцо Фернандес, 90+3 (екінші сары қағаз).

Испания құрамасы тағы да әлем футболының шыңына көтерілді. Жас таланттар мен тәжірибелі ойыншылардың үйлесімі, тәртіпке негізделген ойын және Луис де ла Фуэнтенің тактикалық шеберлігі «Қызыл фурияны» 2026 жылғы әлем чемпионатының басты қаһарманына айналдырды. Араға он алты жыл салып келген бұл жеңіс Испания футболының жаңа алтын дәуірінің бастамасы болуы әбден мүмкін.

Мирас ӘСЕМ